# ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

**Жасампаз кен инженері**
**Қонақбай Сейтмағанбетов**
**туралы естелік**

**2021**



**(1929-2012)**

*Кітап ардақты әкеміз*
*Қонақбай Сейтмағанбетов пен*
*аяулы анамыз*
*Сәуия Жұбанованың*
*рухтарына арналады.*

## АЛҒЫ СӨЗ

Кең байтақ Қазақстандағы Ырғыз өңірінің төл тумалары әке-шешеміздің жастайынан білімге деген құштарлығы оларға өз қатарларының алды болып, жоғарғы білім алуға жетелейді.

Әкеміз 1953 жылы Алматы қаласындағы кен-металлургия институтын тамамдаса, анамыз Ақтөбе педагогика институтының түлегі болды.

Екі жас өмірлік серік болуға серттесіп, жас жанұя алғашқы еңбек жолдарын Жезқазған кенді аймағында бастап, өмірлік тұрақтарын тапты.

Ата-анамыз еңбекте абыройлы болды, балаларына дұрыс тәлім-тәрбие беріп, біздердің сауатты да білімді азамат болып өсуімізге қолдарынан келген барлық жағдайларын жасай білді. Немере сүйіп, шөбелерінің де күлкісіне рахат сезіммен өмір сүрді.

Ардақты әкеміз бен аяулы шешеміздің рухтары биік болып, ұрпақтарына бірлік-береке, шат-шадыман өмір берсін.

**Балалары.**

## ТУҒАН ЖЕР – ӨСКЕН ӨЛКЕ

Қазақы тірліктің қаймағы бұзылмаған, ғасырлар бойы талай тарихи өзгерістердің куәсі болған мекендердің бірі — Ырғыз.

Ырғыз ауданы Ақтөбе облысының шығыс бөлігінде орналасқан. Ырғыз ауданының қазіргі территориясы - 41,5 мың шаршы шақырым, оның ауыл шаруашылығына пайдалы жері – 3 млн. 358 мың гектар. Орталығы – Ырғыз селосы, Ырғыз өзенінің бойында орналасқан. Ақтөбе қаласымен қатынас «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралы арқылы қамтылған. Қазіргі кезде Ырғыз ауданын Тәуіп, Жайсаңбай, Аманкөл, Нұра, Қызылжар, Құмтоғай, Ырғыз ауылдық округтері құрайды.

**Ырғыз ауданы**





**Ырғыз селосы – аудан орталығы**

Белгілі этнограф-тарихшы, өлкетанушы жерлесіміз Елеманов Қапаз ағамыздың «Шежірелі өңір» жинағында сипаттағандай Ырғыз өңірі - аты аңызға айналған Асан Қайғы бабамыздың тамсана айтқан «Жерұйығының» бірі. Асан Қайғы бабамыз қазақ жерінің жерұйықтарын іздеп жүргенде Ырғызға талай жолы түсіп, оның «Айбыны биік тауларын», «Құт-берекелі құмдарын», «Ғажайып ағысты өзендерін», «Айдыны шалқар көлдерін» көріп, тамсанып кететін болған.

Асан ата: «Топырағына қамшының сабын қадасаң, тоғайға айналатын, шалғынына төрт түлік малың жайланатын, құланы мен киігі қырдың үстін көрсетпейтін, бір жусаны бір қойға азық болатын, ақ сазаны таудай тулаған, бақасы көлде шулаған, бүйрек майдай ырысты да келісті қоныс осы екен», - депті. Ырғыз табиғатына адам тамсана қарайтын, әсіресе Асан бабамыздың желмаясымен аралап өткенде жерұйыққа теңеген жер-су аттары:

- Айбыны биік, тарихы шешіре, сыры мол таулары: Нұра, Сұңқарқия, Қосбүйрек, Маңтөбе, Жаманшың, Бөкенбай шоқысы, Темірастау, Мәні шыңы;

- Арал мен Ырғыз қаласы аралығындағы құт-берекелі құмдары: Айырқызыл, Есеншағыл, Жаманқұм, Ырғыз, Балажылаған, Жанбура, Нарқызыл, Тәуіп;

- Табиғаты ғажайып өзендері: Ырғыз, Торғай, Өлкеаяқ, Телқара;

- Айдыны шалқар көлдері: Аманкөл, Сабынкөл, Жалаңаш, Қарақоға, Малайдар, Қызылкөл, Құтикөл, Байтақ, Құрдым және тағы басқа, ірілі-уақты барлығы 80-ге жуық көл бар.



**Бөкенбай шоқысы**




**Сұңқаркия тауы**



**Қосбүйрек тауы**



**Айырқызыл құмы**




**Ырғыз даласы**

Ырғыз өзені басын Мұғалжар тауының сілемі – Өтеш үстіртінен алып, Құрдым тебізіне құяды, ұзындығы 500 шақырымға созылған. Ырғыз ауданы территориясындағы ұзындығы – 220 шақырым. Ырғыз өзеніне ұзына бойы құйылытын өзен салалары Шідер, Бақсай, Үймола, Қарабұтақ, Қиякты, Қайрақты, Талдық, Шетырғыз, Сарысай, Талдысай деп аталады.

Ырғыз ауданы жерінде аң-құстың түрлері де сан алуан. Өңірде сүтқоректілердің 42, құстардың 250 және балықтың 11 түрі кездеседі. Ауданда кездесетін жануарлар: жабайы шошқа, ақбөкен, бұлан, елік, шибөрі, қасқыр, шағыл мысығы, қамыс мысығы, қарсақ, түлкі, борсық, сасық күзен, су егеуқұйрығы, ондатр, саршұнақ, құмқоян, орқоян, аққоян, аламан. Шағыл мысығы мен қызыл қасқыр Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізіліп, қорғауға алынған.

Өңірде құстардың 35 түрі ұя салады, қалғандары жаздық қайту - келу маусымдарында өзен-көлдерде қоректенеді: сұрқаз, шаңқылдаққаз, үйректің бірнеше түрлері, шіл, бөдене, көкқұтан, тауқұдірет, жылқышы,

қызғыш, үлкен шалшықшы, қараторғай, сөкпілтас, бейнарық, көк кептер, күжіркей,шаушалшық, шырғалақ, қарақаз, көкшіл көгершін, атшакөк. Кейбір түрлері Қызыл кітапқа кіргізіліп, нәтижесінде көбеюде.

Аймақтың тағы бір ерекшелігі өзен-көлдер жүйесінің балық қорына өте бай екендігі болып табылады. Кезінде бұл аймақта 20-25 мың тонна балық қоры болған. Жыл сайын 1000-1200 тонна балық өндірілген. Бұл облыс бойынша ауланатын балықтың 90 пайызын құрады. Қазіргі кезде жаңадан құрылып жатқан жеке шаруашылықтар да балық өсіру, оны аулау мәселесін белсене қолға алуда.









**Ырғыз өзені**

Ырғыз өңіріндегі пайда болған ерекше табиғи құбылыс – Жаманшың метеорит кратері. Ғалымдардың болжамы бойынша бұдан бір миллиондаған жыл бұрын аталған метеорит 40 миллион тонна салмақпен құлап жермен соқтығысқан.

Метеорит құлаған жерде (Ырғыздан оңтүстік-батысқа 40-50 шақырымдай) аумағы 5-6 шақырым, оның тереңдігі 700 метрдей қазан шұңқыр пайда болған. Қазіргі ойпат тереңдігі 150-200 метр.

Сол кездегі от-жалынның ыстығы бірнеше мың градусқа жетіп, нәтижесінде «импактит», «тектит» тектес тас жыныстары пайда болған. Бұл екі тас жынысының бір жерден табылуы тарихта тұңғыш жаңалық болып табылады. Геологтар метеорит құлаған жерді осыдан 50 жылдай бұрын зерттеп, геология-минерология ғылымдарының докторы Павел Флоренский *(Москвадағы И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университеттің профессоры)* геологиялық минералдар терминіне импактит тектес тас жынысына «жаманшинит», тектит тектес шынылық тұтас тас жынысына «иргизит» атауларын тұңғыш ашушы ретінде тіркеді.

**Иргизит минералы**. Метеорит жарықшағынан құралған иргизит минералы сирек кездесетін металдар құрамына өте бай тас жынысы болып табылады. Жаманшың аймағында боксит (алюминий металын құраушы), темір кен сілемдері анықталып отыр. Ғалымның болжамы бойынша метеорит құлаған аумақта өте бағалы алмаз, алтын, хромит кен орындары қалыптасуы мүмкін.

Бұл аумақты түпкілікті зерттеп, тау-кен өндірісін дамыту енді болашақ ұрпағымыздың міндеті болып табылады.



**Жаманшың кратері аумағы**





**Кратер маңындағы минералдық тас жыныстары**

 

**Иргизит минералы**

Ырғыз өңірін Алтын Орда ханы Тоқтамыс та, әйгілі Ақсақ Темір де қалың қол ертіп басып өткен. Темірдің шежірешісі Гиясиддин әйгілі Әмірдің дәл осы өңірде Мандай, Маңқанай - Ырғыз өзені – Ақтасты – Құйлыс аралығында 100 мың әскерімен аң аулап, ақ қырғын жасап, қажыған ауыр қолды қызылға жарытып тастағанын айтады.

Күллі Кіші жүздің ұлыс бегі, қазақтың үш ұлы биінің бірі, Самарқан Әмірі болған ұлы батыр Жалаңтөстің немере туысы Әйтеке би осы өңірде билік құрып, халық тағдырын шешуге ғұмырын арнаған.

Осы өлкеде ұлы Абайдың бабасы Ырғызбай дүниеге келген.

Ырғыз өңірінде Әбілхайыр хан Ақтабан шұбырынды тұсында Ырғыз – Нұра – Есіл бойында қаптаған қалмақты тоқтатып, Арғын, Қыпшақ руларының едәуір бөлігі мен Кіші жүз руларынан қол біріктіріп жауға тойтарыс беріп, жеті жыл бойы жау шебін ұстап тұрған, кейін кейбіреулер жазып жүргендей сатқындықтан емес, өзге амалдың жоқтығынан шаршаған орыс мемлекетімен достық шартына қол қойған.

1731 жылы 10 қазанда Ырғыздан 25 шақырым Маңтөбе деген жерде Кіші жүз ханы Әбілхайыр мен Ресей императорының елшісі А.И. Тевкелеев және Кіші жүз қазақтарының жиырма жеті ру басшы Ресеймен одақ болуға ниет білдіріп, шартқа қол қойған.

Ырғыз өңірінде елдің біртуар билері мен болыстары, найзаларының ұшына жауын ілген батырлары, шыншыл да шымыр сөзді шешендері аз болмаған. Қосбармақ, Әлібек, Бақа, Төлебай, Карадос, Сақтаған, Бәймен, Былшық, Жаныс, Жанкүшік, Жағалдары бірауыз дуалы сөзбен рулы елді дауда бітістірсе, Арыстанбай Боқай (Бақашы), Сәмет, Жанай, Елемес, Аман, Киікбай, Уатай, Қаражан, Байғазақ сияқты батырлары елін жаудан қорғаған.

Жыр сүлейі Балқы Базар жырау, қаратамыр Баспан жырау, Оңғар, Балқия, Байғали, Сәрсенбай, Ержан, Дүйсенғали, Жәкібай сияқты ақпа-төкпе жырдың желмаялары да Ырғызда дүниеге келіп, қазақ халқының құрметіне бөленген.

Ырғыз - ақиқатында байтақ та бай, қыдыр дарыған жер!

Талайды «бұл араның жыңғылы қайсы, жылқысы қайсы» дегізген Байғабылдың үш мың жылқысы жатқан Бозкемірі, Тоқсанбайдың бөлек бұлт болып көрінетін мың ойсылқарасы жайлаған Қабанқұлағы, Тіржан байдың мыңдаған ақтылы қойы өрістеген Темірастауы, Алмат ұлықтың айтулы ауылдары көшіп қонған Ақтасты, Аққұмы бар қасиетті қара орын, шалқар дала.

Ұшқан құстың қанаты талатын осы масаты байтақта мыңды айдаған Әлдебай, Көтібар, Қара, Қарақоныс, Қалабай, Жақсылық, Маңғытай, Орман, Жансүгір, Мат қоралары қоныс тепкен дала.

Ырғыз өңірі – бай ауылдың малдары «иелі, киелі болады» дегенді расқа шығарып, ені болмаса есебі жоқ қазынаға қыдыр дарытқан сайын дала.

XX ғасырдан басталған Ырғыз өңірінде айтулы оқиғалар шежіресі сайрап жатыр:

- Ырғыз, Торғай өңіріндегі 1916 жылғы отаршылдыққа қарсы Аманкелді бастаған ұлт-азаттық көтерілісі;
- Октябрь революциясынан кейінгі елдің жаппай советтендірілуі;
- Тоталитаризмнің езгісіне шыдамаған Ырғыз халқының 1930 жылғы көтерілісі (халық арасында «Тоқалар көтерілісі» деген атпен белгілі);
- Ақтөбе облысында алғашқы деп саналатын мектептер, мәдениет ошақтары, дәрігерлік қамту орындары ең әуелі Ырғызда ашылған.

1879 жылы Торғай уезінде Ы.Алтынсариннің ықпалымен іргесі қаланған 4 екі кластық орыс-қазақ училищесінің бірі осы Ырғызда ашылды.

Қазақстанда тұңғыш қазақ қыздар училищесі 20 орындық интернатымен 1887 жылы Ырғызда ашылды.

## ЫРҒЫЗ ӨҢІРІНДЕГІ
## ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН ҚОРЫМДАР



**Жаныс би кесенесі**



**Мәні әулие қорымы**



**Байғабыл тамы**



**Омар тамы**



**Тоқсанбай тамы**



**Исатай қорымы**



**Сәмет батыр кесенесі**



**Алмат мавзолейі**



**2015ж. Маңтөбе. «Хан моласы» мемориалы (Әбілхайыр хан жерленген жер)**







**Әйтеке би ескерткіші** **Былшық би кесенесі**

**2015-2016ж.ж. Қарабұтақ.**



**2016ж. Құрылыс. Байқазақ батыр кесенесі**

Саяси аумалы-төкпелі заманда, тәуелсіздікке ұмтылған Алаш қозғалысының белсенді мүшелері Ырғыз өңірінен де көптеп шықты. Мемлекет қайраткерлері болған Ырғыздық азаматтар:

- Алманов Бәймен (1896-1943ж.ж.) - Қазақ АССР-і Кеңестерінің 1-2 съездерінде Орталық Атқару Комитетінің мүшесі және хатшысы, Адай ревкомының төрағасы, Түркістан АССР-і мен Қазақ ССР-інің шекарасын белгілеу жөніндегі комиссия мүшесі, Қазақ акционерлік сауда қоғамының төрағасы, ҚазПИ мен Қазақ ұлттық мәдени ғылыми-зерттеу институтының директоры, Қазақ ССР-і Орталық Атқару Комитеті жанындағы ғылым жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары, Қазақ ССР Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары;
- Жаманмұрынов Тел (1888-1938ж.ж.) – Қазақ Орталық Атқару Комитетінің ұсынысымен жер жөніндегі халық комиссариатының коллегия мүшесі, Қазақ статистика басқармасы бастығының орынбасары, Ақтөбе облыстық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары;
- Жүргенов Темірбек Қараұлы (1898-1938ж.ж.) - Қазақ ССР-інің Түркістан Республикасындағы толық құқықты өкілі, Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының ректоры, Тәжік АССР-інің финанс халық комиссары, Қазақ ССР халық ағарту комиссары, Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларын қазақ тіліне тұңғыш аударушылардың бірі;
- Құлымбетов Ұзақбай Желдербайұлы (1891-1938ж.ж.) - Қазақ ССР Жоспарлау комиссиясының төрағасы, Республикалық сауда халық комиссары, Қазақ ССР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы;
- Тұңғашин Мұғаммедиар Хангерейұлы (1888-1942ж.ж.) – РСФСР Ұлттар халық комиссариатының қазақ бөлімінің меңгерушісі, Қазақ өлкесі туралы Ереже жасау жөніндегі комиссия мүшесі, Қазақ өлкесін басқаратын революциялық комитеттің мүшесі, Республикалық әлеуметтік қамсыздандыру, баспасөз, мәдени-ағарту саласында басшы қызметкер, Қазақстанның Ташкенттегі сауда өкілі.
- Шонанов Телжан (1894-1937) – қоғам қайреткері, ағартушы, педагог, аудармашы, «Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының» тарих-этнография секциясының төрағасы, 1926 жылы Байтұрсыновпен бірлесіп, мектеп оқушыларына арналған «Оқу құралын» (хрестоматия) құрастырды, жалпы 1923–1937 жылдар аралығында 32 оқулық, кітап, 72 мақала жазған.

1941-1945 жылдары Ұлы Отан (Кеңес Социалистік Республикалар Одағы) соғысына Ырғыз елінен 3500-ден астам жауынгер майданға аттанып, олардың 1500-ден астамы елге қайта оралмады. Соғыс басталысымен Ақтөбе қаласында 312 атқыштар дивизиясы және 101-ұлттық бригада құрылып, олардың жауынгерлері Мәскеу түбіндегі фашист басқыншыларына қарсы ұрысқа аттанды. Ырғыздық жауынгерлер негізінен осы әскери құрамдар сапында және Сталинградты қорғау майдан құрамында болды.



**Ұлы Отан соғысының бір топ Ырғыздық жеңімпаздары**
(жоғарғы қатарда сол жақтан екінші –Жұбанов Қуанышбай)

Елге аман-есен оралғандар соғыстан кейінгі шаруашылық жағдайын көтеру жұмыстарына белсене кірісті.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі төртінші бесжылдықта ырғыздықтар еңбектің ерен үлгісін көрсетті. Сол кездегі аудандық партия ұйымының бірінші хатшысы Нұрқасым Бердіқұловтың басшылығымен үш жыл ішінде 1948 жылы мал басы екі еседен артық өсті. Қол жеткен жоғарғы табыстары үшін ауданның 23 үздік еңбеккерлеріне еліміздің ең жоғары марапаты - Социалистік Еңбек Ері атағы берілді:

Ақбанов Құтпанбет, Алтаев Бозша,
Барысбаев Әмірхан, Бердіқұлов Нұрқасым,

Дүйісов Жұмабек, Жаманшин Нұртұяқ,
Жұмабаев Оразбай, Жоланов Шүлтік,
Ырғызбаев Шынтай, Игібаев Есен,
Көшкімбаев Сағынбай, Кішкентаев Төлеумұрат,
Құлмырзин Қоңқан, Құдайбергенов Өтеу,
Манасов Төлеу, Мәмбетов Әбдік,
Оразғалиев Өтеғұл, Ордабаев Жалпы,
Рысбаев Алмат, Райымбаев Оңғар,
Төрегелдин Пішен, Шахин Әлшібек,
Шегебаев Қазтуған.

Ырғыз өңірінен шыққан елімізге белгілі, дүлдүл ақын-жазушылар қатарында Шаңғытбаев Қуандық, Қанафин Өтебай, Уайдин Үмбетбай сияқты аға буын өкілдері болғаны баршамызға белгілі.

Орта буын өкілдерінен Ахметов Қуаныштың шығармашылық табиғи таланты Жезқазған өңіріне етене таныс. Ахметов Қуаныш (1946-2008) – кен инженері, ақын, аудармашы, журналист, тарихшы, Ырғыз және Ұлытау (Қарағанды облысы) аудандарының «Құрметті азаматы». Қуаныштың «Ұлы даланың Ұлытауы» (2001) екі томдық шығармашылық еңбегі оқырмандардың айрықша ілтипатпен оқитын кітаптарының біріне айналды.

Биыл 70-тың шыңына шырақ көтерілген, республикаға белгілі ақындардың бірі де бірегейі – Ақдәулетұлы Мейірхан болып табылады. Өткен жылы өңіраралық «Адырна» журналының бас редакторы Ақдәулетұлы Мейірханның бастамасымен «Ақтөбе кітапханасы» сериясы бойынша 50 томдығы түгенделді. Мұнда ең дарынды деген орта және кейінгі буындағы шығармашылық өкілдерінің кітаптарын шығаруға басымдық берілді.

**Ырғызым**

*Әнін жазған: И. Жақанов*
*Сөзін жазған: Қ. Шаңғытбаев*

Жазы қандай Ырғыздың, күзі қандай-ай,
Көк масаты көмкерген гүлі қандай.
Бел-белестер ырғалған паң гүлдей-ау,
Албыраған қызының жүзі қандай-ай.

Қайырмасы:
Ахахай-ау,
Биік болған жұлдызың,
Жарық болған күндізің,
Өскен жерім, Ырғызым,
Оу, Ырғызым!

Түні қандай Ырғыздың самаладай,
Самал шайған далада дала қандай.
Алқа қонған ауылдың ақ отауы,
Айдын көлде шалқыған шағаладай-ай.

Қайырмасы:

Жасыл кілем Ырғыздың жері қандай,
Әлім Шөмен тең өскен елі қандай.
Әнмен асын алдыңа жайып салған,
Жаны жайсаң Ырғыздың ері қандай-ай.

Қайырмасы

## **Туған жерді сағынғанда**

*Қуандық Шаңғытбаев*

...Барады ұшып қоналқаға қарғалар,
Ұласады сұрқай көкте зарға зар.
Шулайды екен сонша неге бейшара,
Мүмкін, түнде Алматыда қар жауар.
Дүмі – жаңғақ, өрік сапты, басы – ырғай,
Домбырамның күрең сазы басылмай.
Күбірлейді, күңіренеді күрсініп,
Дірілдейді таныс жанар жасындай ...
...Рас, кейде меңдетеді мына күз,
Жария қылмай, жайлап іштен тынамыз.
Қайда, қайран, қызықтары жас кездің,
Қайда сайран-сауықтар мен жыр-аңыз?
Қалыпты ғой бәрі сонау Ырғызда,
Ұқсап алыс жарығы мол жұлдызға.
Сол арадан аттанғалы мен келем,
Батып-шығып барқын, шөлен, шың, құзға.
Ырғыз! Ырғыз! Сағындырдың баланды,
Шаранаңнан шыққан шақа шаланды.
Ұшу қайда енді маған шаңдатып,
Жарлауыттан жарыстырып шанамды!
Кезсем де мен үміт, арман жырағын,
Көрсем де мен ләзиз-ләззат жұмағын,
Алғаш сенде тайдан құлап, жыладым ...
Күлуші едім «Күңіреншек» , - деп, - шал адам»,
Кешір мені Жарөткел мен Шабаған!
Сағынады шабағын да Ырғыздың
Шырқап бүгін шалғай кеткен шағалаң.
Мейлі, мен-ақ қартаяйын, Ырғызым,
Бірақ, сенің болсын биік жұлдызың.
Аман болсын сені мендей сағынып,
Ет-жүрегі елжірейтін ұл-қызың!...

## Ырғызым, ырзамысың?..

*Үмбетбай Уайдин*

Оу,
Ақын ба, туған жерде көсілмесе?
Ақын ба, өскен жерін өсірмесе?
Ырғыздай ұлы өзенді көрдіңдер ме?
Ырғыз бұл – Еділ-Жайық көшірмесе.

Кәнекей, танысыңдар жаңалықпен:
Осында жасыл орман самал өпкен.
Шортанын өгіз сүйреп шығарады,
Шамамен шағаласы самолеттей.

Ажары қыздарының бөлек енді –
Жібектей сүйіп өткен Төлегенді.
Талай қыз сырттан жігіт іздеп келді,
Қайтеді келмегенде,
Өле ме енді!

Әр талың бақан дерсің қамысыңның,
Түйірі жұмыртқадай тарысының.
Қояны тоғайының қойдан әйдік,
Байталдай үлкендігі барысының.

Әрбір ши жылкышының құрығындай,
(Қызықты көрдіңдер ме бұрын мұндай?)
Әр картоп орта есеппен Телжан деген
Құрметті құрдасымның мұрынындай.

Оу,
Өтірік айтып едім қай күні мен –
Ырғызда жарығырақ ай күніңмен.
Қыс түсіп, бензин қатса, біз өзіміз,
Жүреміз терлеп-тепшіп мәйкіменен.

Ырғызда «азон» деген дәрі өседі,
Оқтаудан өқтай түзу тал өседі.
Қарбызы алты қанат ағаш үйдей,
Малының есімде жоқ сан есебі?!

Халайық, тыңдаңыздар келеке етпей,
Айтайын бір шындықты ертек етпей:
Түйесі Ырғызымның «Касемьсоттай»,
Көкқасқа шегірткесі вертолеттей.
Ырғыз бұл – самғап жүрген әр қияда
Қанатты қырандарға мәңгі ұя!
Шамамен жер көлемі (көңілімізше)
Шығады кемінде ені-үш Англия!

Ырғызға жақсылықтар күле келді,
Күлкілер жадыратты күніге елді.
Борығы борық болмай қызылша боп,
Мысалы «қант заводы» түрегелді.

Ырғыздың әр сайында сынап аққан,
Сағымы сұлу қыздар сылаң қаққан.
Сәбізі сопақшалау сары баладай,
Қияры, құдай ұрсын, снарядтай!

Оу,
Ақын ба, туған жерде көсілмесе?
Ақын ба, туған жерін өсірмесе?
...Ырғызым, ырзасың ба, ерке ұлыңа?
Осылай өрши түсем өзің десем!

## Менің дариям

*Мейірхан Ақдаулетұлы*

Өзіңнен артық дария бар деп
Өкінер сәби мен бе едім –
Құрбан айт күні қариялар кеп,
Шежіре шертті, сенбедім!
Абыздарыма сене алмағыным –
(Қытықшыл сәби намысы)
«Еділ, Дон – десті, - ең арналы ағын
Ертіс пен Сырдың ағысы ...»
Сенбедім! Бірақ, бұл шындық еді,
Шындыққа қайсы қыларың?
Табылмай қойды тылсымның емі,
- Ол рас... – деді мұғалім.
Жаңа ашқам сол жыл әліппені мен,
Мұғалім айтса рас та ...
«Кішкентай дариям, дәріптерім ең!.. –
Құлазып кірдім класқа.
Ең ұлы өзен деп, ел анық танып,
Мақтансам, - дейтін бұл ұлың, енді ше ...
Мынау – кері ағып барып
Құрдымға құйған қылығың? ...
...Өзіңді сонда кінәлі қылдым -
Өзге еді мөлдір өлшемім.
Анасын сүйген қияли ұлдың
Риясыз ділі – сол сезім.
Жанкештілікті қылдың ба мұрат,
Тақтым ба саған бекер сын? –
Кері ағып барып, Құрдымға құлап ...
Аралға сінеді екенсің!
Аямай жазмыш жаңбырын менен,
Қажады-ау демен қамыт-мұң:
Ала көйлекті тағдырымменен,
Айнымай сенен қалыппын ...
Сағынып келдім,
Саламын әнге –
Сарғайып тұрған мені көр!
...Базарың тарқап барады дей ме -

Ортайды дей ме сені де ел?
Суының баяу ағыны неғып,
Жүруші ем іштей жыр қылып?
Қарғында біраз қағынып қалып,
Қалады дей ме қылғынып?
Күллі үмітімді бір демде бұзды
бұл күйің.
Боздап тұр да жел де ...
Шаршатып Арал жүргенде бізді,
Сен, жаным Ырғыз, сыр берме!...
Ырғызым, жүрегімдесің!
Жұлдыздар шашылып кетті…
Сағыныш-гүл егілгесін,
Өзіңе асығып кеттім.
«Қызым!» деп қарсы аласың ба,
Қырқа, адыр, таулардан биік?!
Күлімдеп қарсы аласың ба,
Әкем боп маңдайдан сүйіп?!
«Менен кеп от ал!» дегейсің,
Бойыңда күш-ағын тасып.
Әжем боп «ботам» дегейсің,
Айқара құшағыңды ашып.
Әпкем боп, жаз-далаң мені,
Қойсыншы еркелетіп бір.
Ұзақ жол жазбаған ба еді?!
Өмірден ерте кетіпті ол…
Ей, Ырғыз, атырабыңмен,
Көркею аса тың арман…
Бір емен, жапырағыңмен
Аман бол, тосатын алдан!
Ырғызым, көкейімдесің,
Жердегі жәннаттық аймақ!
Ұшып-ақ жетейін бе шын,
Жырымды қанат қып байлап?!
Ырғызым, көкейімдесің…

## **Ырғыз**

*Әні мен сөзін жазған:*
*Қуаныш Ахметов*

Еңбегі қорек болған тірлігіне,
Белдерін бөлеп қойған қыр гүліне,
Арал мен Ақтөбенің арасында
Ауыл бар ел қызығар бірлігіне.

Қайырмасы:
Ұлдары – дүлдүл,
Қыздары – жұлдыз.
Қағады сыңғыр,
Ақ өзен Ырғыз.
Жүрсек те қайда,
Өзіңмен бірміз,
Жарқыра, жайна,
Туған жер – Ырғыз.

Бұл жерде қайсар ана, жайсаң аға,
Құяды шежіре – сыр ой – санаға.
Жалаңтөс, Әбілхайыр, Әйтекенің
Қонысы болған соы майса дала.
Қайырмасы:

Ұл-қызын мейіріне орап алар,
Көңілің пейіліне тола қалар.
Аман бол Ырғыздағы әз жеңгелер,
Аман бол Ырғыздағы нар ағалар.
Қайырмасы:

**Ырғыз ырғақтары**

(Сағыныш шумақтарынан үзінді)

*Қуаныш Ахметов*

Айналайын, мен сенен, айналайын,
Төсін басып жүрейін қай қаланың,
Бір өзіңе асығам, Ырғыз деген –
Алақандай аймағы бай даланың.

Аз-ақ уақыт соқпасам таппай тыным,
Жүрегімнің түбінде сақтайтыным.
Қалаларды керемет жырлай жүріп,
Саған теңеу, Ырғыз-ау, таппай тұрмын.

Біріміздең біріміз жырақ жүрміз,
Арнасам да мың жырды, мың әнді, Ырғыз,
Сағынышым басылмас саған деген,
Егіз болып жаралған шығармыз біз.

Айдынында тербетіп айна көлі,
Аймалаған арудай майда желі,
Ырғыз атты жүрекке ыстық өлке,
Балалық шақ- бал шақтың жайлауы еді.

Сағыныштың кеудемді кернеп селі,
Қиялымды бал сезім өрнектеді,
Іңкәрлігін үдеткен ұл-қызының
Туған мекен не деген келбетті еді.

Аман ба, ақ Ырғызым, ақ құм жағаң?
Балаң ба, жылына бір ат бұрмаған?
Келемін сезім кернеп, кезіндей боп,
Кәдәмгі көктемде тасқындаған.

Балқытып бойды жырдың мың ырғағы,
Бал сезім баурап алды. Шыным бәрі.
Қара жол тарам-тарам төсіндегі
Бейне бір сәулетайдың бұрымдары.

Ырғызым, сапар шегіп балаң жырақ,
Көрсе де сан асқар тау, арайлы бақ –
Бәрінен әсем сенің тоғайларың,
Бәрінен биік мынау «Қабанқұлақ».

## ҰЛЫ ДАЛА ҰЛЫТАУЫ

Қазақ халқы ерекше қасиет тұтқан, аңыз-жырға арқау еткен, елдіктің нышанындай көрген жерлердің бірі – Ұлытау. Ол – ұлан байтақ қазақтың Ұлы даласының түп кіндігі, географикалық орталығы.

Жезқазған-Ұлытау өңірі туралы тарихи деректер Қуаныш Ахметовтың «Ұлы дала Ұлытауы» (1999) кітабынан және «Ұлытау. Ұлытау ауданы» (2018) энциклопедиясынан жинақталып келтіріліп отыр.

Қазақ үшін таулардың
Аға тауы – Ұлытау.
Дала деген жайлаудың
Ақ отауы – Ұлытау.

Қазақ үшін әлемнің
Кіндігіндей – Ұлытау,
Үш жүздегі бар елдің
Бірлігіндей – Ұлытау.

Қазақ үшін ғаламда
Сымбатты тау – Ұлытау.
Содан болар ...
Маған да
Қымбат мынау – Ұлытау!

*Қуаныш Ахметов*

Ұлытау аумағы – 122,9 мың шаршы километр немесе Қарағанды облысының жер көлемінің 28,7 пайызын алып жатыр. Солтүстіктен оңтүстік бағытта – 495 км, шығыстан батысқа қарай – 615 км, жалпы шекарасының ұзындығы – 1800 км-ге жуық.

Ауданның әкімшілік аумағында 12 ауылдық, 3 кенттік округ, 29 елді мекен бар.   Ауданның әкімшілік орталығы – Ұлытау кенті.




**Ұлытау ауданының картасы**



**Ұлытау кенті – аудан орталығы**

Ұлытау ауданының жері таулы-қыратты келеді. Сарыарқаның батыс бөлігінің үлкен алқабын алып жатыр. Ұсақ шоқылар бірте-бірте төмендеп, солтүстікте жазық далаға, оңтүстікте бұйрат-бұйрат құмға ұласады. Таулардың ішіндегі ең биігі – Ұлытау (биіктігі – 1134 м), Кішітау (793 м), Арғанаты (757 м).

Ауданның оңтүстік – шығысында Тобылғылы, Жетіқоңыр, Сәмен, Қарақойын құмдары орналасқан.

Ұлытаудан бас алатын өзендер үш бірдей су алабына (Сібір, Торғай, Арал) қорек болып жетіп, тіршілік атауының көзі болып табылады.

Аудан арқылы өңірдің солтүстік-батысындағы Желдіадыр тауларынан басталатын Терісаққан (ағыс бақыты - солтүстік) өзенінің жоғарғы ағысы ғана өтеді, ал оның орта және төменгі ағысы Ақмола, Қостанай облыстарымен өтеді. Өзеннің жалпы ұзындығы – 279 км.

Торғай алабына Ұлы Жыланшық, Байқоңыр, Қарасиыр, Білеуті, Қиякты, Қимықы, Жимықы, Қалмаққырған, Қумола өзендері жатады.

Ұлытау аймағын жарып Сарысу өзенінің орта ағысы өтеді. Оның жалпы ұзындығы – 671 км. Сарысуға таудан аққан Кеңгір, Жезді, Боқтықарын, тағы басқа өзендер құяды. Төрт салалы Кеңгір су алатын өзендердің бастылары – Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жыланды өзендері.

Ұлытау баурайында шашылған күміс теңгедей көлдер көп болған – Шұбартеңіз, Қарақойын, Сәмен, Бараққөл, Ащыкөл, Дәнсары, Құркөл, Обалы, Бозбайтал, Бұршақтыкөл, Кішкенекөл, Тоғызбай, Ағатай және тағы басқалары. Көлдердің ең үлкені – Шұбартеңіз (айдыны – 125 шаршы км, ұзындығы – 24,5 км, ені - 5,1 км), одан кейін - Қарақойын тұзды көлі (айдыны – 72,5 шаршы км, ұзындығы – 16,3 км , ені - 4,5 км).

Ұлытау саяси орталық ретінде үш бірдей тарихи кезеңді басынан өткірді. Бірінші кезең – оғыз тайпаларының бас біріктіруі және олардың Ұлытауда өз мемлекетін құруы. Екінші кезең – Шыңғыс хан империясының бір бөлшегі Жошы хан ұлысының құрылуы және Жошының орталық ретінде Ұлытауды таңдауы. Үшінші кезең – Қазақ хандығының құрылуымен сабақтасады.

Өңірде қазақ тарихының ұлық ескерткіштері – Жошы хан, Алаша хан кесенелері және ер Едігенің қабірі орналасқан. Маңызды деген ескерткіштер қатарына ортағасырлық қала жұрттарының қалдықтары мен қоныс орындарын айтуға болады. Бұлар осы өңірде әкімшілік саяси басқару хан сарайының болғандығын көрсетеді.

Қазақ даласының кіндік өңірінде Ақ Орданың ханы Орыс хан, Алтын Орданың билеушілері Едіге мен Тоқтамыс болған. Қазақ хандығын құрып, тізгінді қолға алған Керей мен Жәнібек алы ай жаз Ұлытауды жайлады. Үш жүздің өкілдері Ұлытауда Тәукені ақ киізге көтеріп, хан сайлаған. Ұлы жүзге Төле би, Орта жүзге Қазыбек би, Кіші жүзге Әйтеке би билікке тағайындалды. 1710 жылы Ұлытау өңірінің оңтүстігінде - Қарақұмда өткен құрылтайда көшпелі рулардың тұрмыс, салт,

дәстүрлеріне негізделген заңдық сипаты бар «Жеті жарғы» құжаты қабылданды.

Қасқа жолдың иесі Қасым хан Ұлытауда өзінің алтын үзікті ордасын тігіп, қалың қазаққа билік жүргізген. Жергілікті халық бұл орынды «Хан ордасы» деп қасиет тұтады. Хантөбе деген жерде 1841 жылы қазақтар Кенесары сұлтанды ақ киізге отырғызып хан көтерген.

Ұлытау аймағында жоңғар басқыншыларына қарсы кескілескен ірі шайқастар болды. Солардың бірі – Бұланты-Білеуті шайқасы. Біріккен қазақ жасақтарының қолбасшысы Кіші жүз ханы Әбілхайыр хан болды. Дәл осы соғыста Кіші жүз жақайым руының төбе биі Байжанның 17 жасар ұлы Сартай бастаған мың бала жау шебіне кіріп, тұңғыш әскери мектептен өткен. Қалың жауды жеңген шешуші айқас Білеуті өзені бойындағы Бұланты жазығында, Қарасиыр қыратының төңірегінде болды. Ел сол шайқастың кіндігі болған төбені Қалмаққырылған деп атап кетті.

Жезқазған-Ұлытау өңірі қойнауы пайдалы қазбаларға өте бай өлке. Мыстың байлығы жөнінде әлемдегі ірі кенорындарының қатарына жатады. Жезқазған төңірегінен қазылып алынған кеннің құрамында 20-дан астам бағалы, сирек және шашыранды металл түрлері кездеседі. Олар – алтын, күміс, рений, кадмий, висмут, кобальт, теллур, платина, осьмий, селен және тағы басқалары.

Ұлытау аймағында қара металдардың шоғырланған жері Қарсақбай алыбы болып табылады. Оған Балбырауын, Керегетас, Сазтөбе, Жетіқыз, Найзатас кенорындары жатады. Марганец кенінің қоры жағынан Қазақстанда негізгі ауданға жатады.

Қумолада родуситтің (көгілдір асбест) өндірістік маңызды қоры барланып, есепке алынды. Родусит Еуразия кеңестігінде тек қана Ұлытаудан табылып отыр. Ақтаста пьезокварц пен тау хрусталі сияқты әлемде сирек кездесетін кенорны бар.

Байқоңыр және Қиякты көмір қорлары XIX ғасырдың басында табылып, өндірістік қоры анықталды. Байқоңырдың қоңыр көмірі Железновтың қорғасын (Шеңбер елді мекенінің маңы) және Қарсақбай мыс зауыттарында негізгі отын ретінде пайдаланды.

Мұнай мен газ қоры Ұлытау ауданы аумағында Құмкөлде ашылды. Қазіргі уақытта ол Қызылорда облысы мұнайшыларының күшімен игерілуде. Шығарылатын мұнай Құмкөл – Қарақойын – Сарысу – Атасу мұнай құбыры арқылы Павлодар – Шымкент және Атасу – Алашанькоу магистральды мұнай айдау жүйесіне жалғанған.

## ЖЕЗҚАЗҒАН - ҰЛЫТАУ ӨҢІРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН КЕСЕНЕЛЕР



Алаша хан кесенесі.



Жошы хан кесенесі.



Хан ордасы.



Әулие үңгірден көрініс.



Домбауыл кесенесі.



Теректі әулие петроглифтері.







**Ұлытау. Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен халық бірлігінің монументі.**

**Жезқазған қаласы. «Кетбұқа» ескерткіші.**



**Нұр-Сұлтан қаласы. «Ұлытау» аллеясы**

## АРМАН АСУЫ – БІЛІМ ШЫҢЫ

Қонақбай Сейтмағанбетов 1929 жылдың 10 қыркүйегінде дүниеге келген. Туған жері – Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы Тәуіп елді мекені.

Қонақбайдың балалық шағы елімізде болған зор нәубет кезеңдері тұсында өтті, олар – 1928-1931 жылдардағы «бай-кулактарды» кәмпескелеу науқаны, 1931-33 жылдардағы ашаршылық, 1936-38 жылдардағы қуғын-сүргін. Кемінде 5-6 жаннан тұратын отбасылардан 1-2 адам ғана тірі қалды, ал жас мемлекеттің жүздеген қоғам қайреткерлері, сауатты деген белсенділері «халық жауы» деген атақпен қуғынға ұшырап, жер аударылды, «үштік» сот шешімімен атылып кетті. Осындай аласапыран уақытта Қонақбайдың тірі қалып, Ырғыздағы мектеп-интернатта сауатын ашып, орта білім алып шығуы – оның жігерлігі мен қайсарлығы, шыдамдылығы мен төзімшілдігі болып табылады. Осы қасиеттері, білімге құштарлығы және еңбекқорлығы Қонақбайды кейіннен ел азаматы дәрежесіне жеткізе білді.

Қонақбай еңбекке ерте араласты. Ұлы Отан соғысы уақытында 14-15 жастағы Қонақбай Ақтөбеге келіп, шойын қорыту зауытына қарасты ФЗО-ға оқуға түсіп, күндіз жұмыс істеп, кешкілік білімін жетілдірді.

Ырғыздағы Ы.Алтынсарин атындағы (ол кезде И.Сталин атындағы) қазақ орта мектебінде Алдан Жарылғапов, Орда Дайрабаевтар сияқты ұлағатты ұстаздардан дәріс алды. Мектептің алғашқы директорларының қатарында Мұса Дайрабаев болды, 1947-1954 жылдардағы мектеп директоры - Бердібай Баудияров.

Мектеп бітіретін жылдары Қонақбайдың армандас та сырлас жақын жолдастары Әбжақан Қосылбаев, Әмірхан Боқаев, Жақсылық Қанымбаев, Сейілхан Оразымбетовтер болды.

Әбжақан мен Әмірхан Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарында қатар оқыды. Әмірхан Боқаев – Ырғыз өңіріне белгілі азамат, Ақтөбе облыстық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Жақсылық Қанымбаев – Ырғыз аудандық ауыл шаруашылық басқармасы бастығы болып еңбек атқарды. Сейілхан Оразымбетов – Ырғыз өңірінің белгілі тарих зерттеушісі, журналист болып жұмыс істеді. Екеуі де Ырғыз ауданының «Құрметті азаматы» болды.



**Ырғыз қазақ орта мектебінің 1948 жылғы түлектері**

Солдан оңға қарай: жоғарғы қатарда жетінші және сегізінші – Ә.Боқаев және Ә.Қосылбаев; орта қатарда екінші – Қ.Сейтмағанбетов; отырған қатарда төртінші және бесінші – Ж.Нұржанова және С.Жұбанова.



Қонақбай Ырғызға 10-класқа ғана
келді. Бұрын таныс болмаған соң біраз
уақытқа дейін жақындаса алмай жүрдік.
Бірақ сабақты жақсы оқитындығы, ұстам-
дылығы, жолдастық кішіпейілдігі онымен
мені достастырмай тұра алмады. Біз
өте жақсы достар болып кеттік. Қазір
ол – менің жай ғана досым емес, бауырым.

**Әмірхан Боқаевтың 1951 жылғы күнделігінен үзінді**

Сол уақытта тұрмыстың тарлығына қарамастан, арман жетелеген екі жас, Қонақбай мен Әбжақан Алматыға оқуға аттанып, Қазақ кен-металлургия институтына қабылданады. Бұл институттың тау-кен мамандығы бойынша оқитын студенттердің ерекшеліктері – оқуда формалы киім киетіні және қомақы шәкіртақы алатыны болып табылады.

Студенттерге Кеңес Одағы мен Қазақстан Республикасына белгілі ғалым академиктер И.И.Бок, А.С. Попов, профессорлар П.М.Кошулько, Ө.А.Байқоңыров, А.Д.Спицин дәріс берді.

Қонақбай және Әбжақанмен бірге оқыған студент жолдастары кейіннен кен істері бойынша елімізге белгілі ғалымдар болып шықты. Шолақов Панкерей – техника ғылымдарының докторы, Қазақ Ұлттық техникалық университетінің профессоры; Егорочкин Александр Александрович және Яценко Иван Савельевич - техника ғылымдарының кандидаттары, Өскемен және Қарағандыдағы ғылыми-зерттеу институттарының зертхана меңгерушілері болып қызмет атқарды.




**Қазақ кен-металлургия институтының студенттері.**

Қонақбай мен Әбжақанның ізімен тау-кен мамандығы бойынша Қазақ кен-металлургия институтында бір-екі жылдан кейін Ырғыздық жастардың үлкен бір тобы оқыды







**Студенттік шақ** **Солдан оңға қарай: Қонақбай, Әзім, Әбжақан, Темірбек**

1950-51 жылдары Алматы қаласының жоғарғы оқу орындарында 80-ге жуық ырғыздық қыз-жігіттер білім алған екен.

Осы жастарға сол кезде Ырғыз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Нұрқасым Бердіқұловтың қолдауы, қамқорлығы ерекше болды. Республикалық жиынға келген бір сапарында студенттерді жинап алып, тұрмыс жағдайларымен, оқу нәтижелерімен танысады. Ауданға келе сала белді-белді азаматтармен кеңесе отырып, әрбір студентке бір-бір адам ақшалай көмек берулері туралы тізім тағайындап, жылына 200 сомнан қазпошта арқылы салынып тұруын өзі қадағалап отырды.



**Бір топ Ырғыздық студенттер.**

Төменге қатарда сол жақта – Т.Мырзағұлов, оң жақта – Ә.Дайрабаев; екінші қатарда сол жақтан екінші – Ә.Қосылбаев және үшінші – Қ.Сейтмағанбетов.



Бердіқұлов Нұрқасым (1905-1969 ж.ж.) - Социалистік Еңбек Ері,1945-1952 жылдары Ырғыз аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы. Ол басқарған жылдары ауданда мал өсіру жоспары үнемі асыра орындалды.



**Сейітмағанбетов Қонақбай**
**Қосылбаев Әбжақан**
**Дайрабаев Әзім**
**Мырзағұлов Темірбек**
**-----------**
**Дарменбаев Әлсабыр**

**Алматы қаласында оқитын студенттерге Ырғыз ауданы азаматтарынан ақшалай көмек көрсету тізімі**

«Қазақстанның құрметті журналисі» Рақымжан Өтемістің «Аймақтағы алғашқы мектеп» кітабында келтірілген деректер бойынша Алматыдағы жоғарғы оқу орындарында 1951-52 жылдары оқыған Ырғыздық студенттер:

• Қазақ кен-металлургия институтында – Сейтмағанбетов Қонақбай, Дайрабаев Әзім, Қосылбаев Әбжақан, Мырзағұлов Темірбек, Сейтов Шауқат, Сүйінтаев Райс, Дәрменбаев Әлсәбір, Дүйсенбаев Марал, Есмағанбетов Балаби;

• Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінде – Боқаев Әмірхан, Сейітов Марат, Хайров Ғаббас, Файзрахманов Радиф, Қыдырбаев Хамит, Жалдыбаев Көбжан, Бекенов Шубай, Қадралиев Марабай, Құрманғалиев Шауқат, Кәдіров Сұлтанғали, Әбілтаев Медхат, Мұхабілов Нәдірхан, Омаров Ортай, Қарағұлов Жақсылық;

• Қазақ педагогикалық институтында – Әмірханов Кәрім, Қалыбаев Көптілеу, Көшкінбаев Итемген, Қанымбаев Жақсылық, Сисенов Зәбітай,

Төрезақов Сейілхан, Омаров Анафия, Сейдалина Сәпура, Кәдіров Раушанбек, Маханбетиярова, Баймағанбетова Күнзағира, Ниязбаев Көптілеу, Назарбеков Коля, Сыздықов Ұлықпан, Атығаев Балқожа, Әмірханов Ғазиз, Бұланбаева Ғафура, Өтемісова Лена, Үмітбаев Мұхтар;

• Қазақ ұлттық қыздар институтында – Галиуллина Роза, Қарабалина Орынша, Шамшимова Зоя, Дүйісова Айша, Омарова Інжу, Өтегенова Мәрзияш;

• Алматы ауыл шаруашылығы институтында – Әуезов Сейдалы, Есжанов Төлебай, Галиуллин Зәкір, Тұяқбаев Тасболат, Сәрсенбаев Мұханбет, Кеңшіліков Әлімқұл;

• Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында – Байдәулетов Тәуекел, Қойлыбаев Әліби, Маханбетияров Әбдіғали, Жәкенов Көтібар, Ордабаев Зейнолла, Сапарғалиев Сәлім, Балмаханов Әбдір, Бақытжанов Жәрдем, Раев Еңсебай, Қаратаев Амантай;

• Шет тілдері институтында – Боранбаев Тәңірберген.

Бұлардың барлығы да елімізге белгілі, қоғамымыздың беделді азаматтары болып жұмыс атқарды.

«Ағаға қарап, іні өсер» дегендей, Ырғыз өңірінде тау-кен өндірісі болмаса да, алғашқылардың бірі болып Сафарғалиев Гариф және Сейтмағанбетов Қонақбайдың бастамамалырымен осы мамандыққа қызығушылық пен құштарлықтың арқасында көптеген Ырғыздық азаматтар тау-кен инженері мамандығын алып шықты:

- Сафарғалиев Гариф (1913-1996), геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, Жезқазған кеніштерінде аға геолог, Жезқазған ғылыми-зерттеу және жобалау институтының бөлім бастығы болды, Сәтбаев қаласының құрметті азаматы;
- Сейтмағанбетов Қонақбай (1929-2012), Жезқазған кеніштерінде бас инженер, директор болды, Сәтбаев қаласының құрметті азаматы;
- Қосылбаев Әбжақан (1930-1992), Жезқазған ғылыми-зерттеу және жобалау институтының жетекші маманы болып қызмет атқарды;
- Дайрабаев Әзім (1932-2011), Жезқазған шахталарында бас инженердің орынбасары, Жезқазған қалалық партия комитетінің өндіріс бөлімінің меңгерушісі, Жезқазған мыс зауыты партия комитетінің хатшысы, Жезқазған кен-металлургия комбинатының кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды;
- Мырзағұлов Темірбек (1932-1993), Жезқазған шахталарында ауысым шебері, учаске бастығы болды;

- Дәрменбаев Әлсәбір (1933-2020), Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің бас кеншісі, ардагерлер кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарды. Қостанай облысының, Рудный қаласының, Әйтеке би және Ырғыз аудандарының құрметті азаматы;
- Сейітов Шауқат (1933-1989), Қарағандының «Северная» шахтасында директордың шахта желдету және газдан тазарту жөніндегі орынбасары болып, жауапкершілігі жоғары қызмет атқарды;
- Сүйінтаев Райыс (1933-1995), Қарағанды шахталарында учаске бастығының орынбасары, Ақтөбе облыстық кәсіподақ комитетінің техникалық инспекторы, Ақтөбе қаласы Пролетар аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерінде болды;
- Әміралин Қуандық (1936-1992), Дөң кен-байыту комбинатының бас маркшейдері, комбинат директорының орынбасары болды. Өндіріске пайдалы өнеркәсіптік жаңалықтардың белсенді авторы ретінде «Маркшейдерлік анықтама» (2017) кітабына енгізілген;
- Ахметов Қуаныш (1946-2008), Жезқазған шахталарында ауысым шебері, учаске бастығы болды. Елімізге белгілі тарихшы-зерттеуші, ақын, Ұлытау (Қарағанды облысы) және Ырғыз аудандарының құрметті азаматы;
- Ахметов Қуандық (1949-2013), Жезқазған шахталарында аға энергетик болып қызмет атқарды. «Ырғыз ауданының жыл адамы - 2000» атағының иегері;
- Қуандықов Аманжол (1953-2017), тау-кен инженері-геолог, Батыс Қазақстан аймақаралық геология және кенорындарын пайдалану басқармасында кен барлау партиясының аға шебері, партия бастығының орынбасары болып қызмет атқарды;
- Қуанышбайұлы Серік, Жезқазқан кеніштерінде бас инженер, Кен басқармасы директорының орынбасары болып қызмет атқарды. Қазіргі кезде «Қазақмыс» корпорациясына қарасты Бас жобалау институты тау-кен бөлімінің бастығы;
- Шахаманов Әбдінағи, Дөң кен-байыту комбинаты бас механигінің орынбасары болып қызмет атқарды;
- Сүйінтаев Аманкелді, Дөң кен-байыту комбинатының «Молодежная» шахтасының бастығы, Республикалық «Жыл кеншісі-2014» жүлдесінің иегері.

Түбекбаев Нұржау (1949-1991), Дөң кен-байыту комбинатының «Молодежная» шахтасында инженер болып жұмыс істеді.

## ЕҢБЕК ЖОЛЫ – ЕЛ АЗАМАТЫ

1953 жылы жас маман Қонақбай Сейтмағанбетов Жезқазған Кен басқармасының № 44 шахтасында ауысым шебері болып еңбек жолын бастады. Шахта директоры Н.Н.Першоков, бас инженері В.В.Гурба болды. Бұл кезең Жезқазған кенді өңірінде кен өндіру жұмыстарында жаңа технологиялық өзгерістердің бастамасы болатын. Алматыдағы Қазақ ССР Ғылым Академиясы кен істері институты ғалымдарының бастамасымен жерасты қазу жұмыстарында өздігінен қозғалатын қондырғыларды сынақтан өткізу өндірістік-тәжірибелік шаралар кеңінен іске асырыла бастады. Кеншілер жұмысын толық механикаларандыру арқылы жаңадан іске қосылған №№ 31, 42, 44, 51 шахталарда еңбек өнімділігі 3-4 есеге шейін өсті. №№ 55, 57 алып-шахталар құрылыстары қолға алынды.

Ұйымдастырушылық қәбілетімен және жасампаздығының нәтижесінде Қонақбай учаске бастығы, шахта бас инженері және бастығы қызметтеріне көтеріле білді.

1958 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинаты құрылды. Комбинаттың алғашқы директоры болып В.В.Гурба тағайындалды.

Жезқазған өңіріндегі тау-кен саласында өндірістік күштердің одан әрі қарқынды дамуына Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми және жобалау мекемелердің күш-жігерін біріктіру керектігі жөніндегі тарихи бастамасы шешуші рөл атқарды.

1961 жылдың наурыз-сәуір айларында Жезқазғанда Қазақ ССР Ғылым академиясының, Геология және минералды ресурстар министрлігінің, Қарағанды халшаркеңесі мен Жезқазған кен-металлургия комбинатының бірлескен ғылыми сессиясы өтті.

Сессия жұмысына СССР және ҚазССР Ғылым академиясының ғалымдары, сондай-ақ жобалау және зерттеу институттарының мамандары бар 600-ге жуық адам қатысты. Бірлескен ғылыми сессияның еңбектері - «Үлкен Жезқазған» төрт кітап болып басылып шықты.

Сессия жұмысына ғалымдармен қатар Жезқазған кен-металлургия комбинатының өндіріс басшылары және болашағынан үлкен үміт күтетін жас мамандар да белсене қатысты.



**1961 жылғы ҚазКСР ҒА Жезқазғандағы көшпелі сессиясы.**

Төменгі қатарда солдан оңға қарай: Ж.Қаңлыбаева (1970-1974 жылдары академияның корреспендент мүшесі), жас мамандар С.Асатов және Қ.Сейтмағанбетов, Ө.Байқоңыров (1962-1980 жылдары академик), академия президенті Қ.И.Сәтбаев және Ш.Есенов (1967-1974 жылдары академия президенті).

Жезқазғанда тау-кен өндірісінің қарышты дамуы, Кен басқармасына тікілей қарайтын шахталар мен карьерлерді шоғырландырып, іріленген Шығыс, Солтүстік, Оңтүстік және Батыс кеніштерін құруға себепкер болды. 1965 жылы Қонақбай Сейтмағанбетов Шығыс Жезқазған кенішінің бас инженері болып тағайындалады. Кеніш құрамына №№ 42, 51, 53 және жаңадан құрылған № 57 алып-шахта кіреді.



Кеніштің бас инженері қызметі кезінде тынымсыз еңбек нәтижесінде № 57 алып-шахта уақтылы іске қосылып, тәулігіне 1000 тонна кен өндіретін «мыңшылар» бригадалары құрылып, еңбек өнімділігі арта бастады. Іскер басшы Қонақбайдың еңбегі ақталып, «Октябрь Революциясы» орденін кеудесіне тақты.

**1968 жыл 29 маусым. №57 алып-шахтаны пайдалануға беру.**



Солдан оңға қарай: комбинат директоры В.В.Гурба, Жезқазған қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Г.Н.Давыдов, кеніш бас инженері Қ.Сейтмағанбетов, қабылдау комиссиясының төрағасы А.Н.Тен.

Сол кездері Шығыс Жезқазған кенішінің бас инженері Қ.Сейтмағанбетовке № 57 алып-шахта жұмыс қарқынымен танысуға келген Республикамыздың мемлекет басшысы, Орталық партия комитеттің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа жерасты кен өндіру жұмыстары барысын көрсетіп, толыққанды мәлімет беруге тура келді. Жас та болса, өндірісте тез шыраған Қонақбай бұл жауапкершілігі жоғары комбинат басшыларының сенімдерін ойдағыдай ақтап шықты.



**1970 жыл. №57 шахтада.**

Солдан оңға қарай: Қ.Сейтмағанбетов, Д.А.Қонаев, В.В.Гурба, Орталық партия комитетінің қызметкері және Ғ.Омаров

Қонақбайға жұмыс барысында елге танымал елеулі азаматтармен қоян-қолтық қызмет етуге тура келді. М.Бөпежанов, В.Гурба, Д.Ешпанов, Ш.Есенов, А.Шәмелханов, Ғ.Омаров, Ә.Мамақов, Т.Молақов, Ш.Аймышев. О.Исаев, Р.Даутов - әрқайсысы бір-біріне ұқсамайтын, кейінгі жастар зор үлгі-өнеге тұтар жайсаң жандар болды.



**Социалистік Еңбек Ері М.Бөпежановпен бірге**

«Отызында орда бұзған, қырқында қамал алар» жасқа келген жігерлі де қайратты Қонақбай  Шығыс Жезқазған кенішінің директоры болып тағайындалады. 70-шы жылдардың ерекшелегі Жезқазған кеніштерінде және кен-металлургия комбинатының өндірістік құрылымдар мен бөлімдерінің басшылығында Қонақбаймен замандас білікті инженерлер Ж.Сағитов, Т.Урумов, Ә.Иманғалиев, Б.Алматов, К.Салықов, Г.Прохасько, Қ.Қанафин, Ә.Дайрабаев, С.Асатов, В.Костюченко,  Н.Жоныстегі, В.Вахрушев, С.Қорабаев, Г.Савчук, М.Қосыбаев, Т.Исмағұлов, И.Козицин, Қ.Бексұлтанов, Н.Ілиясов, Ж.Қалмағанбетов, Б.Нұршабаев, М.Аханов, Б.Аяпбергенов, Т.Әбдірахманов, Ә.Құнанбаев, Х.Мақатов,  А.Түсіпбеков, Н.Ярмак, Қ.Дүйсембаев, Ж.Жақыпбеков, Б.Сейсембеков, М.Сүлейменов, С.Битанов, Х.Көшеков, К.Қоштаев, З.Мақышев, О.Зайцев, С.Болатбеков, И.Оразбеков, С.Ескенов сияқты көптеген азаматтар болды.



**Өндіріс басшыларының бір тобы.**

Солдан оңға қарай: Оңтүстік кенішінің директоры Қ.Қанафин, Солтүстік кенішінің директоры С.Асатов, комбинат кадрлар бөлімінің бастығы Ш.Аймышев, Шығыс кенішінің директоры Қ.Сейтмағанбетов, Мыс зауытының директоры Т.Әбдірахманов және журналист С.Мырзатов.





**Қонақбайдың жұмыс кабинеті**




**Шығыс Жезқазған кеніші ұжымы.**



**Батыс Жезқазған кеніші ұжымы.**



**Шығыс Жезқазған кенішінің бір топ қызметкерлері**



**1971 жыл. Д.Ешпановты Ақшатау кен-байыту комбинатының директорлығына шығарып салу**



**1971 жыл. КОПК XXIV съезінің делегаты К.Салықовты шығарып салу**

Қажырлы да қайратты Қонақбайдың ішкі дүниесі кең, жүрегі ақ, сезімтал жан болды. 1972 жылы мектеп бітірген ұлы Ерік Алматыға жоғарғы оқуға түсуге барғанда дәрігерлік комиссия оның өкпесі қағынғанын анықтап, аурухана жатқызады. Бір-екі айдың ішінде асқынған ауру бой бермей, жеткіншек бала отаға түседі, бірақ аман-есен жазылып шығуға мүмкіндік болмады. Міне, осы қайғылы жағдай әкеге өте ауыр тиді, «қалай ғана уақытында байқамай қалдым» - деген ой күндіз-түні маза бермеді.

Жезқазған кен-металлургия комбинаты басшылары «сырты бүтін, іші түтін» болып жүрген Қ.Сейтмағанбетовтың жағдайына уақтылы көңіл бөліп, Жәйрем кенорнын өндірістік игеруге дайындау жөніндегі комбинат директорының орынбасары қызметіне тағайындайды.

Қонақбайдың өндірісті ұйымдастырушылық тәжірибесі арқасында санаулы айлар арасында инженер-техникалық қызметкерлер мен жұмысшылар жинақталып, өндірістік қондырғылар жеткізіліп, Батыс-Қиыр карьерінен алғашқы қорғасын-мырыш кені өндіріліп, Қарағайлы кен-байыту комбинатына жөнелтілді.

Алғашқы өндірілген кеннің құрамы және сапасы Жайрем кенорнының болашағы зор екеніне тағы да көз жеткізді. Үкімет қаулысымен «Жәйрем - Бүкілодақтық комсомол-жастардың екпінді құрылысы» - деп жарияланды.

1974-75 жылдары Жәйрем кен-байыту комбинаты құрылып, директорлыққа Садық Асатов тағайындалады.



**1973 жыл.**
**Алғашқы кенді жөнелту.**



**2021 жыл. Батыс карьері,**
**Жәйрем кен-байыту комбинаты.**

Ал Қонақбай ұзақ жылдар бойы Батыс Жезқазған кенішінің бас инженері, Жезқазған кен-металлургия комбинаты тау-кен бөлімінің бас маманы болып жұмыс істейді.



**Шығыс Жезқазған кеніші. №57 шахта**



**Батыс Жезқазған кеніші. №55 шахта**



**1980 жыл, №65 шахта. Въетнам елінің алғашқы косманавты Фан Туан шахтада.**

**Мәскеу қаласында іс сапарда.**

Солдан оңға қарай: Т.Әбдірахманов, С.Асатов және Қ.Сейтмағанбетов.





**1982 жыл, Жезқазған кенті.**
**Жазушылар Қ.Шаңғытбаев және Ә.Нұршайықовпен жүздесу**
**(Н.Жоныстегінің 50 жылдық мерейтойы)**

Кен өндіру жұмыстарын жоспарлау және жүргізудің қыр-сырын үйренуде өндірістік тәжірибесі мол Қонақбай Сейтмағанбетовты ұстаз тұтқан М.Жәркенов, Ә.Шегірбаев, Р.Юн, Б.Қырықпышев, С.Атабаев, М.Құрманғалиев, А.Сағидоллаев, Б.Барысов сияқты өндіріс және бөлім басшыларының бір топ легі жұмыс істеді.

80-шы жылдардың аяғында Жезқазған кен-металлургия комбинаты негізінде «Жезқазғантүстімет» ғылыми-өндірістік бірлестігі құрылып, бірлестік басшылары ғасырға жуық жұмыс істеп тұрған Жезқазған кенорнын кешенді пайдаланудың стратегиялық жоспарын дайындады. Жезқазған шахталарындағы кені қазылған жерасты кеңістіктер аумағы жыл сайын орта есеппен 2-3 миллион текше метрге өсу арқылы 125-130 млн. $м^3$ жетті. Бұл дегеніміз өндіріс қауіпсіздігін сақтау жұмыстарына кері әсерін тигізді. Міне сондықтан, ғылыми-өндірістік бірлестік басшыларынан Жезқазғанның барлық шахталарын, оның ішінде 30-40 жыл бұрын қазба жұмыстары жүргізілген учаскелерді, өте жақсы білетін кен инженері Қ.Сейтмағанбетовке Жезқазған ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық институтына жұмыс ауысудың өте маңыздылығы туралы ұсыныс түседі. Бастапқыда жерасты кеңістікті бақылау және зерттеу зертханасының меңгерушісі, кейіннен топ

жетекшісі болған Қонақбайдың негізгі міндеті жас буын өкілдеріне ескі шахталар мен учаскелердің қазіргі жағдайын тексеру және жобаға енгізу шараларын қәуіпсіздік ережелерін сақтай отырып орындауды үйрету, ұқтыру болып табылды.




**1992 жыл. Институт зертхана ұжымы**

Кеніштердің бас инженері, директоры қызметі кездерінде Қонақбай Сейтмағанбетов қоғамдық жұмыстарды да белсене атқарып жүрді. Жезқазған және Сәтбаев қалалық, Жезқазған облыстық партия комитеттерінің мүшесі, халық кеңестерінің депутаты болды. Қонақбайдың еңбекшілер мен тұрғындардың аманаттарын уақтылы орындауы, оларды атқарушы ғұзырлы органдарға жеткізу жолында үлкен жігерліктері мен табандылықтары өз нәтижелерін беріп, халықтың зор қолдауына ие болды.




**1965-66 жылдар, Жезқазған кенті.**
**Қонақбай сайлау комиссиясының төрағасы**



**1973 жыл. 1-ші Жезқазған облыстық партия конференциясының делегаттары**

Ел азаматы Қонақбай зейнеткерлікке «Облыстық дәрежедегі дербес зейнеткер» атағымен шықты.



**1989 жыл, Жезқазған кенті.**
**Қонақбай әріптестерімен (60 жылдық мерейтойы)**

Қарашадайынан еңбекқор Қонақбай «мен зейнеткермін» - деп, қол қусырып отырған жоқ, өзі көркейтуге ат салысқан Жезқазған кенті атқару кеңесінің қоғамдық дәрежедегі белсенді мүшесі болды. Кейіннен «Казахмыс» корпорациясы ардагерлер кеңесінің құрамында Жезқазған кеніштері ардагерлер ұйымын басқарды.

Қонақбай Сейтмағанбетов Жезқазған мыс кенді аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан зор үлесі және белсенді қоғамдық қызметі үшін Сәтбаев қаласының «Құрметті азаматы» атағына ие болды.





**Сәтбаев қаласының «Құрметті азаматтары»**

Солдан оңға қарай: А.Нысанбаев, Н.Жоныстегі, З.Әбілбекова және Қ.Сейтмағанбетов.



**Сәтбаев қаласының «Құрметті азаматтарының» бір тобы**



**Сәтбаев қаласы. 2008 жыл, 9 мамыр – Жеңіс күні**



**10 сәуір 2011 жыл, Сәтбаев қаласы.**
**Академик Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 112 жылға арналған митинг.**

Солдан оңға қарай: Я.Асатов, С.Қуанышбайұлы, Қ.Сейтмағанбетов және Н.Жоныстегі.

Еңбек ардагері Қонақбай Сейітмағанбетовты ерекше үлгі тұтқан, өзінің алғашқы еңбек жолын №57 шахтадан бастап, «Қазақмыс» корпорациясының Бас меңгерушісі дәрежесіне көтеріле білген Руслан Борисович Юн Қонақбайға үлкен құрмет көрсетіп, коммуналдық төлемдерді корпорация есебінен жауып тұруға өтемақы тағайындатты.



**Р.Юн корпорация ардагерлерімен бірге**



**Р.Юн Қонақбайға тарту еткен жеке сыйлығы - «қалта сағат»**

KAZAKHMYS

# Почетная грамота

**Корпорации "Казахмыс"**

***Награждается***

## Сейтмагамбетов Конакбай

***за долголетний и добросовестный труд, большой личный вклад в развитие горнорудного производства и в связи с 80-летием со дня рождения***

**Председатель Правления** **Э.В. Огай**

## *Ардақты Қонақбай аға!*

*Сәтбаев қаласы әкімдігі мен қалалық мәслихат Сізді сексеннің сеңгіріне шыққан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.*

*Сіздің ел басына күн туған Ұлы Отан соғысы жылдарында тыл майданында бастаған еңбек жолыңыз кен өндіру саласында жалғасын тауып, қатардағы ауысым шеберлігінен кеніш директорына дейінгі қызметті зор абыроймен атқардыңыз. Сіз ғылыми-зерттеу лабораториясында қызмет өткерген жылдары кәсіпорынның дамуына зор үлес қостыңыз.*

*Игі істеріңіздің арқасында көпшіліктің зор сеніміне бөленіп, жергілікті өкілетті органдардың депутаты болып бірнеше рет сайландыңыз, бұл Сіздің халық арасындағы беделіңіздің бірден-бір айғағы. Сіздің Отанымызға сіңірген еңбегіңіз жоғары бағаланып, мәртебелі марапаттарға ие болдыңыз, Октябрь революциясы орденімен, «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» және басқа да мерекелік медальдармен, құрмет грамоталарымен марапатталдыңыз. Біліктілігіңіз, жоғары кәсіби шеберлігіңіз және ұйымдастырушылық қабілетіңіздің арқасында Сіз ұзақ жылдар бойы «Қазақмыс» корпорациясы Сәтбаев аумағының Ардагерлер кеңесін басқардыңыз. Кенді өлкенің дамуына қосқан орасан үлесіңіз және қоғамдық өмірге белсенді қатысқаныңыз үшін Сізге «Сәтбаев қаласының құрметті азаматы» атағы берілді.*

*Мерейлі мереке күні Сізге ұзақ ғұмыр, қуатты денсаулық, шаңырағыңыздағы бақ молынан болсын деп тілейміз, немере-шөберелеріңіздің қызығына тоймайтын бақытты күндеріңіз жалғаса берсін.*

*Құрметпен,*
*Сәтбаев қаласының әкімі*
*С.Т.Медебаев*

*Қалалық мәслихат хатшысы*
*М.А.Ковтун*

2009 ж.

**Қонақбай Сейтмағанбетовтың 80 жастағы марапаттары**




**Қонақбай ақсақалдың 80 жылдығына «Жезқазғантүстіметалл» Өндірістік Бірлестігінің тартуы**





**Ел азаматы Қонақбай ақсақалдан бата сұрау**



**Қонақбай ақсақалдың немересі Мақсатты өз орнына «ұлықтау» рәсімі**

## ОТБАСЫ БАҚЫТЫ – АТА-АНА МЕЙІРІМІ

Қонақбай мен Сәуия 60 жылға жақын қол ұстасып, бақытты өмір сүрді. Екеуі де Ырғыз орта мектебінің 1948 жылғы түлектері, екі жастың бір-біріне деген ғашықтық сезім сол жылдардан бастау алды.

Қонақбай ақсақал жарты ғасырдан астам уақыт бойы тек қана өзіне және «Сәуияш» ғашығына ғана белгілі болған лирикалық арнаулардың құпия кілтін ашып, 2000 жылдардың басында ғана төсқалталық блокнотын балалары мен немерелеріне жария етті.


Бұл кішкентай
қалта дәптерімді,
басқа ешнәрсе ара-
ластырмай, тек
бір ғана кісінің
атымен байланысты
және сол біреуге ғана
арналған махабба-
тым туралы жай-
ларды жазбақшы-
мын.


Сен туралы әрбір ой,
Әуре қылып жүруші ед
Уайым ойдырап,
Иланғандай жас жүрек.
Япырай!
Шын болғай!
Ынтыққан жүректің
Мақсаты бір болғай!!!
! Сау болып түр көргенше,
Саған сәлем қалды со-зып бергенше.
Сені ұмытып, басқа жаққа болмаймын
Таза жүрек оты сөнін, өлгенше.

1949 ж.


Сенің атың жүрегіме басқанын
Әуре болған затымның басқаның
Үздең де тұрарсың деп сенемін
Игі істі өзің де бір бастадың.
1950

Жүрсің бе сен-аман, Қалқатайым?
Жақсы ма, шаруашылық, хал-жағдайың
Жолдайды саған сәлем алыс жерден
Жүдеген сағыныштан Қонақбайың!
Денім сау, қатармын жүрмін бүрдей
Бұрынғы көрінісімнен еш өзгермей
Сарғайды сағынғаннан жас жүрегім
Қос жылдан бері қалқам сені көрмей

Мерзім тұр әлі алдымда екі жылдай
(Ойпырмой! Ұзақ еді әлі қалай?)
Көтеріп сағыныштың ауыр жүгін,
Жетермін тілегіме шыдай-шыдай!

август 1951 ж.

Бір көрдім екі жылдан бері қалқам
Қуаныш, шаттығымнан басқа не айтам
Қасыңда күндіз-түні болғым келд
Бір жеті шамасында кейін қайтам.

Арманым биігіне ақталғандай
Жүруші ем әсімнің көрісе алмай
Қасыңда отырғанда мен бақытты
Күлемін қуаныштан езу жимай.

август 1951

160851

Оналтыншы август кешінде
Тұмсық тығып төсіңе
Бақытқа батып білмеймін
Жарқыным, сәулем, есімде!

Сүйгенім қалқожай, Сәуляжан!
Есімің жүректе орнаған
Шын достың, махаббат сәлемін
Жолдаймын алыстан мен саған!
Айнымас, ақ жүрек сүйгенім,
Тірлікте сен ғана тірегім.
Уайым, қайғыға берілме
Тек осы өтінем тілегім.

Сәуляшым! Сен өмірімнің шырағы
Сенсіз өмір маған мәңгі қараңғы.
Кір келтірме сүйгенімнің атына,
Жақсы оқу - жүрегімнің ұраны.

Әдейі өзіңді іздеп бардым елге
Тартпадым жол азабын кір денеге
Жүректі басқан қайғы, уайымның
Арылып, таза болдым өзінен де.



Ойыма сен түскенде Сәулешым,
Бойыма тарамайды ішкен асым.
Шыдайын суығыңа, ыссыңа да,
Басқаға енді жүрек табынбасын!
Сүйгенім бұл дүниеде жалғыз өзің.
Басқаға түссе егер шықсын көзім.
Сағынып сарғайсам да, шыдамменен
Күтуге сені сәулем, жетер төзім

Өршісін, ғашық оты жалындасын,
Есімде бұл махаббат мәңгі қалсын.
Арына махаббаттың кір келтірсем,
Жүрмейін тірі болып, құдай алсын.
~~Мен үшін сен тіршіліктің тірегісің~~
Сентябрь 1951 ж.



Менің атама үлкен ♡!!!
2004 ж. М.
Сенің балаң саған жақсылық тілейді,
Сенің балаң сені жақсы көреді,
Сенің балаң сені үлкен болып ұмытпайды,
Сенің балаң үлкен болып жақсы болады
Өлеңді жазған М.

**Қонақбай ақсақалдың Мақсат немересінің атасына еліктеп жазған арнауы**



Сүйгенім Сәуиям!
Ақ тілеулі жайдарым,
Құтты болсын мейрамың!
Алтын, күміс бәрі тас,
Таза жүрек, тәтті
Өмірімді
Бір өзіңе сыйладым!
Өмірлік досың, барым осы.
7.03.73

Кому
Индекс предприятия связи и адрес отправителя:

**Үйленгеннен 20 жылдан кейін Жәйремнен сағыныш хат.**



**60 жыл бойы сүйіспеншілік сезім.**

Жұбанова Сәуия Қуанышбайқызы мектеп бітіргесін сыныптас құрбысы Жәния Нұржанова екеуі Н.Байғанин атындағы Ақтөбе педагогикалық институтында оқып, тарих-география пәнінің мұғалімі мамандығын алып шығады.



**1951-52 жылдар. Ақтөбе педагогикалық институты**





**Жәния мен Сәуияның студенттік шақтары**




**1951 жыл, Ырғыз селосы.**
**Сәуия бауырларымен бірге.**



**Ырғыз селосы, 1953 жыл.  Сәуияның Қонақбайға ұзатылуы**

Ол кездері Ақтөбеден Орталық Қазақстандағы Жезқазғанға Қызылорда облысының Жосалы темір жол станциясынан Қарсақпай арқылы екі-үш күнделетіп жүк таситын машинамен ғана жеделдетіп жетуге болатын.

Жезқазған шахталары Жезқазған аттас кентті (жергілікті халық арасында Рудник кенті деп аталады) айнала орналасқан. Жас жұбайлар Қонақбай мен Сәуия, басшылары Мұхит ағалары, осы Руднике келеді.











**Жезқазған (Рудник) кенті**

Алғашқы орналасқан үйлері Оразбек ақсақал мен Дәмелі әженің үйі болды. Кейіннен Қонақбай мен Сәуия бұл кісілерді уәкіл әке және ана ретінде танып, туысқандық қарым-қатынаста болды. Олармен 25-30 жылдай көрші болды, үйлерінің арасында шарбақ та болмай, балалар емін-еркін бір аулада ойнап өсті.

Сәуия өз мамандығы бойынша Жезқазған кентінің №7 қазақ мектебінде тарих-география пәнінен дәріс берді. Осы мектептен зейнеткерлікке шықты. Сауиямен қатар жұмыс атқарған Хакима Жомартбаева, Халима Артығалиева, Шабал Бейсенбекова, Клара Кафанова, Рашида Амутова сияқты Жезқазған өңіріне белгілі ұстаздар болды. Сәуия оқытқан жүздеген шәкірттері кең байтақ еліміздің белгілі-белгілі азаматтары бола білді.





**Сәуия мұғалім мектепте және сабақ үстінде**





**Сәуия мұғалімді зейнеткерлікке шығарып салу**

Қонақбай мен Сәуия көп балалы отбасы болды. Балалары Ерік (мектеп бітіретін жылы қайтыс болды), Нурия, Улия, Фарида, Сағатбек мектепте үздік оқып, өнегелі тәлім-тәрбие алып шықты.

Балалардың барлығы Жезқазған кентінде №№ 16 және 2 мектептерінде оқып, толық орта білім алып шықты.

Нурия, Улия және Фарида жоғарғы оқу орындарында оқып, өздері қалаған мамандықтарының иегері болды.

Сағатбек өте зерек болып өсті; 4-5 жаста қабырғаға ілінген дүниежүзілік географикалық картадан кез келген елді тауып, олардың астанасын да жатқа білетін. Ағайын-туыстың балаларының туған күнін, кейбір ұмыт қалған оқиғаларды осы күнге шейін Сағатбек арқылы еске алу әдетке айналды.







**Ерік, Нурия, Улия, Фарида және Сағатбек**



**Балалар нағашыларының ауылында**















**Балалардың балалық шақтары**













**Балалар мен немерелердің, шөберенің қуаныштары**





Нурия Қарағанды медициналық институтын «балалар дәрігері» мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітірген маман. Зейнеткерлікке шыққанша Жезқазған кенті мен Сәтбаев қаласында өз мамандығы бойынша жұмыс істеді. Жолдасы Ғалымжан (мамандығы – энергетик) екеуі Нұржан атты баласын тәрбиелеп өсірді.

Нұржан оқуда озат болумен қатар жастайынан спортпен айналысып өсті. Жүзу спортынан жасөспірімдер арасынан Республикалық біріншіліктің жеңімпазы да болды. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің түлегі Нұржан (IT маманы) Нұр-Сұлтан қаласында жұмыс істейді.



Улия Ақтөбе педагогигалық институтын «ағылшын тілі» мамандығы бойынша бітіріп, зейнеткерлікке шыққанша Сәтбаев қаласының С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясында, Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқытушы болып қызмет атқарды. Қызы Гүлжан да жоғарғы білімді «ағылшын тілінің» маманы.



Фарида Жезқазған педагогигалық институтында «физика-математика» мамандығы бойынша оқып, Сәтбаев қаласының №14 орта мектебінде ұзақ жыл мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Қазіргі кезде Қарағанды қаласының №82 орта мектебінің мұғалімі.

Ұлы Мақсат Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің түлегі (мамандығы – энергетик), «Қазақмыс» корпорациясына қарасты «Қарағандытүстіметалл» өндірістік бірлестігінде жұмыс істейді. Мақсат жас отау иесі – жұбайы Гүлмира.

Қонақбай мен Сәуияның ет-жақын ағайын-туыс болып алғашқы араласқандардың қатарында Мұхит Әубәкіров, Арғын Жайсаңбаев және Әбжақан Қосылбаевтар болды. Кейіннен жас мамандар Әзім Дайрабаев және Темірбек Мырзағұловтар қосылды.



**Мұхит пен Қонақбай**



**Арғын, Әзім, Әбжақан**

Уақыт өте келе барлығы да үйленіп, үйлі-балалы болды. «Туысы бірдің - уысы бір» - дегендей, әке-шешелерінің ынтымақты қарым-қатынастарының арқасында балалар бір-бірімен араласып, ағалы-інілі, апалы-сіңлілі болып өсті.

Қонақбай-Сәуия отбасының 50 жылдай Жезқазған кентінде түрған уақытта «тонның ішкі бауындай» өте жақын араласқан замандас, әріптес және де туысқандық қарым-қатынаста болған отбасылары көп болды, соның арасында атап өтетіндер: Арғын-Дәмен, Мұхит-Нәзипа, Әзім-Әйткүл, Әбжақан-Алмаш, Нұртілеу-Әмина, Серік-Клара, Жолдасбек-Үмітжан, Қайролла-Нағима, Көпен-Хакима, Темірбек-Әсем, Болат-Зұбайда, Кенжебай-Алуа, Халел-Халима, Нығмет-Нәзігүл, Бақыт-Жанат, Әбдіқадір-Римма және т.б.



Мұхит, Арғын және Қонақбай отбасыларымен.



Әмірхан мен Жәния қонақта.



Сейтмағанбетовтер және Дайрабаевтар отбасылары



Арғын мен Дәменнің баласы Еркіннің үйлену тойы



Әбжақан-Алмаш және Кенжебай-Алуа балалары.



Серік-Клара отбасы.



Нұртілеу- Әмина балалары, немерелері және туысқандарымен бірге



Қонақбай-Сәуия және Нұртілеу- Әмина жолдастарының балаларымен

## Курорта



1963 жыл, Гагра.



1966 жыл, Сочи.



1971 жыл, Сочи.



1980 жыл, Крым.

## Демалыс кезеңдері



Жезқазқан кентінің стадионы.



Ұлытауда.



Музыка сағаты.



Еңбек сағаты.



Газет-журнал оқу.

Сейтмағанбетовтер отбасының естен кетпес қуанышты күндерінің бірі ел ағасы Қонақбайдың 60 және 70 жылдық мерейтойлары болып табылады. Қонақбай мен Сәуияның бұл тойлары балаларының ұйымдастырумен аталып өтіп, алыс-жақын ағайын-туыстардың қатысуларымен ерекшеленді.







**1989 жыл. Қонақбайдың 60 жылдық мерейтойы**













**1999 жыл. Қонақбайдың 70 жылдық мерейтойы**

## *Құттықтаймыз!*

**Құрметті Қонақбай СЕЙІТМАҒАНБЕТҰЛЫ!**

*Жетпіс жасқа толған мерейтойыңыз құтты болсын!*

*Азаматтық, кісіліктің өлшемін,*
*Айқындатып өрге тартты өр сенім.*
*Ұрпақ үшін қиындықпен күрестің,*
*Жарқын болар деп бүгіннен ертеңім!*

*Адалдықпен түзу өскен бір қалып,*
*Елің мынау атағыңа жүр қанып.*
*Абзал аға, ұзақ ғұмыр жасаңыз,*
*Ұрпағыңның қызығымен нұрланып.*

***Игі тілекпен: інілерің Абдолла,***
***Нұрперзент, Ибраһим отбастары.***

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Қарағанды облысы, Рудник кентінің тұрғыны СЕЙІТМАҒАМБЕТОВ Қонақбай ағамыз 10 қыркүйек күні 70 жасқа толады. Біз өзіміздің мақтанышымыз мерейгерді осы мерейлі күнімен құттықтап, отбасына береке, өміріне мереке, зор денсаулық, мол бақыт тілейміз!**

Дос-жаран, туыс-таныс ағалады,
Өзіңді тыныс көріп жағалады.
Көпшілік қошаметі бізге медет,
Ел мақтап еңбегіңді бағалады.

Көңілді кездеріңде шаттанамыз,
Өнегелі өмірің жатқан аңыз.
Халықтың қадірмені бола білдің,
Әрқашан біз өзіңмен мақтанамыз.



Игі тілекпен: Жұбановтар және
Дайрабаевтар отбасылары.

Зейнеткерлер Қонақбай мен Сәуия немересі Мақсатты өз қолдарына алып оқытып, 2010 жылы мектеп бітірген тойын жасап, болашаққа ақ жол баталарын беріп, азаматтық өмір жолына дұрыс бағыт-бағдарлама көрсете білді.





2002 жыл, Қарағанды. 2006 жыл, Крым.

Сейтмағанбетовтер әулетінде үлкен қуанышты кезеңнің бірі - 2019 жылы Қарағанды қаласында өткен Мақсаттың үйлену тойы болып табылады.





**Мақсат пен Гүлмира**







**2019 жыл, Қарағанды қаласы. Мақсаттың үйлену тойы.**









**2019 жыл, Қарағанды қаласы. Мақсаттың үйлену тойы.**

## БАБАЛАР РУХЫ – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Сан мың жылдық тарихы бар қазақ халқының негізі шежіріден бастау алатыны белгілі. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген аталы сөзі арқылы халқының жігерін жанып, неше ғасырлық тарихын, билері мен шешендерінің әділ төрелігін, батыр бабаларының ерлігін келесі ұрпаққа жеткізіп отырған.

Әлемнің ешбір елінде жоқ шежіре таркату және оны тарихпен, мәдениетпен, ауыз әдебиетімен, тәрбиемен, ұрпақ сабақтастығымен байланыстыру тек қазақ халқына тән.

Қазақтың үш жүзінің шежіресін таратсаңыз түпкі аталары Ақарыс – Ұлы жүз, Жанарыс – Орта жүз, Бекарыс – Кіші жүз.

Кіші жүз 31 рудан құралады: 12 ата Байұлы, 7 ата Жетіру, 6 ата Әлім, 4 ата Шөмекей, 3 ата Кете.

Қонақбай Сейітмағанбетов Шөмекей-Тоқа аталығынан тарау алады, міне сондықтан «Құйлыс. Тоқалар шежіресі» (2010 жылғ құрастырушы – Қазақстан Республикасы Мәдениет қайреткері Балтабай Ыбрайұлы, шежіре жинақтаушы – М.Ы.Ибраев) кітабынан кейбір құнды деректерді келтіре кету жөн болып тұр.

Шөмекей – көне түркі тайпасы. Қазақ шежіресі бойынша Алшын бірлестігіне жатады. Одан Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғұл аталары өрбіген.

Таллассыз болыс, даусыз жер, қоныс тепкен шұрайлы жері, бірнеше көлі бар елді-мекен Тоқа, Серкеш, Жаппас, Уақ, Алшындарға құтты қоныс болды. Елін, жерін, қасиетті ата-мекенін қорғап өткен тариғи тұлғалар көп болған:

Тоқа Сәмет Назымұлы (1744-1839)
Шобдар Киікбай Әлібекұлы (1720-1791)
Шекті Көтібар (1757-1833)
Шобдар Алмат Тобабергенұлы (1804-1892)
Тоқа Сәтбай Ақпанұлы (1822-1897)
Тоқа Сауда Сәтбайұлы (1853-1931)
Тоқа Башпай Бейісұлы (1843-1910)
Шобдар Самұрат Алматұлы (1845-1922)
Тоқа Елемес, Аман батырлар
Балқы Базар жырау Оңдасұлы Өтемісов (1842-1911).

Тәуіп жерін мекендеген төрт шөмекейдің үлкені Тоқа руы 1916 жылға дейін қаймағы бұзылмай байып, малын жайып, елін басқарып, бірнеше мешіт салғызып, балаларын оқытып, өмір сүріп жатты. Тоқа аталығынан тараған Есқара, Қармыс, Бескин ұрпақтары малдарының қамымен Сыр бойын, қазіргі Өзбекстанның Науай облысына қарасты Үшқұдық, Тамды аймағындағы Қызылқұм жерлерін қыста қыстап, жазда жайлауға қырға оралатын болған.

Осылай қаймағы бұзылмай қақпақтаса отырған елдің шырқын 1916 жылғы патша үкіметінің әскерге адам алуымен, Қызыл большевиктердің елге салық салып, 1928-1932 жылдардағы кәмпескесі ашаршылығымен қоса, «жұт жеті ағайынды, айыр ағашпен сегіз ағайынды» демекші, Тоқа елін тоз-тоз етіп, жартысы өзбек, қалғаны Ауған өтіп, одан қалғаны әр жерде аштан қырылды.

Тіршілік көзі малынан айырылған жұрт қарсылық қамына кіріседі. Ел ашынып, сарбаз жинап, көтеріліске шығады. Көтеріліс қасіретпен – қантөгіспен аяқталады, сол соғыста 600-дей адам қаза болады. Тарихи құжаттарда Ырғыз көтерілісі делінсе, халық ауызында ол – «Тоқалар қырғыны». Бұл қырғынды бала да болса көзімен көрген адамдардың бірі - белгілі жазушы Өтебай Қанафин (1923-1990) ағамыз.

2018 жылы баспадан шыққан «Ел үмітін ақтаған» (жинақтаушы-Мыңжасар Айсауытов) кітапта елді қынадай қырған нәубат туралы Өтебай ағамыздың таспаға жазылып алынған естеліктері баяндалған, қысқаша мәтіні: «1932 жылдың күзінде аштық басталды – үйімізбен ашықтық, ел азып-тозды, әркім басы ауған жаққа кете бастады. Шешем бір жерде отырсақ қырылып қаламыз, ең болмаса біріміз аман қалармыз деп, кіші іні-қарындастарымды алып, Арал қаласына кетті. Мен көршілермен жалғыз қалдым, тамақ біткесін ел тері-терсекті пісіріп жей бастады. Тіпті тонның жүнін қырқып, терісін пісіргенді көрдік. Біз аштан ісіне бастадық, балалар ауырып, қырыла бастады. ...Аштық көпке созылды. Менің 12 адамдық отбасымнан үш-ақ адам тірі қалдық. Балалар үйінде де күніміз мәз болмады, тамақ жетпеді. Мен ұзақ ауырып, тек 1933 жылдың көктемінде ғана жазылып шықтым. Сонда аурухана медбибісінің жылап отырып айтқаны: «айналайын-ай, сен биыл ауруханаға түскен 60 баланың ішінен тірі қалғанның екіншісісің ғана».

Менің пайымдауымша бұл аштық қолдан ұйымдастырылған қазақ ұлтына қарсы қастандық еді».

Абзал ағаның айтқан жағдайы сол кезде 3-4 жастағы Қонақбайдың да басынан өткен нәубат. Қонақбайдың естелігінен: «Аштық кезінде біздер де жаяу-жалпылап Арал бағытын бетке ұстап, жолға шықтық. Жол өте ауыр болып, мен ауырғаннан көшке ілесуден қалдым. Шешеміз амалсыздан ең жақын бауыры Сейтмағанбетке (руы Айтқұл-Тоқа) аманаттап кетуге мәжүбір болды. Сейтмағанбет пен Айкүміс мені өз баласындай аялап өсірді. Сейітмағанбет 1933-34 жылдары қайтыс болады. Оқуды Ырғыздағы мектеп-интернатта жатып оқыдым».

Ел азаматы болған Қонақбай екі анасын да (Айкүміс, Қанзила) өз қолына алып, балалық борышын адал атқарып шықты. Аналары Жезқазған кентінің 4-км ауылы маңындағы қорымға жерленген.

Негізінде Қонақбайдың жеті аталыққа шейін тармағы былай таратылады: Қонақбай - Әубәкір – Жайсаңбай – Бисекей – Нұрым – Күсен – Алдаберген – Сатай.

Ал Шөмекейден Сатайға шейін аталықтың таратылуы: Шөмекей - Тоқа – Есқара – Айбас – Қалматай – Сатай.

Қонақбайдың Жайсаңбай аталары діни сауатты, қажылыққа барып келген, бір әулеттің және солардың ағайын-туыстарын ұйыстырып отырған ел азаматы болған. Туған өңірінде мешіт салдырып, жергілікті халықты діни сауаттылыққа тартқан. Ырғыз өңіріндегі қазіргі Жайсаңбай елді мекені осы кісінің атымен аталады.









**Ұрпақтар сабақтастығы**

Қонақбай мен Сәуияның қызы Нұрия Ғалымжанға тұрмысқа шығуымен замандас та жолдас болған Болат-Зұбайда және Нығмет-Нәзігүл отбасыларымен құдандалы жегжат болып, сыйластық қарым-қатынас осы күнге шейін жалғасын тауып отыр.





**Болат және Нығмет құдалар**



**Болат пен Зұбайда отбасы**

Жайсаңбай мен Дәріжанның балалары – Әубәкір, Райхан, Жәлел, Гүлжихан, Арғын.

Әубәкір мен Қанзиладан Мұхит туады. Мұхит Қармақшыда өсті. Ұлы Отан соғысының ардагері, Жезқазғандағы №57 шахтада жұмыс істеді. Мұхит пен Нәзипа қыздары Салтанатты аялап өсірді. Қазір Салтанат Алматыда тұрады. Жолдасы Серік екеуі Алма, Шолпан, және Тимур атты балаларын тәрбиелеп өсіріп отыр.







**2003 жыл, Алматы қаласы.**
**Мұхит немерелерімен бірге.**

Арғын да Мұхит сияқты Жезқазғандағы №42 шахтада ауысым шебері болып жұмыс жасады. Жұбайы Дәмен екеуі Еркін, Мария, Қуандық (кәмелет жасында қайтыс болды), Ләйла атты балаларын тәрбиеп өсірді. Дәмен апамыз қазір Сәтбаев қаласында немерелерінің қызығын көріп отыр.





**Арғын мен Дәменнің отбасы.** **Еркіннің үйлену тойы.**

Арғынның Гүлжихан апасының қызы Қалампыр Целиноград (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласында оқып, сол жақта Қалижан деген азаматқа тұрмысқа шықты. Қалижан қажы мен Қалампырдың Бақытжан баласынан немере-шөбере өсіп-өніп отыр.

Қалампыр филология мамандығы бойынша қәзіргі Л.Н.Гумилов атындағы Еуроазиялық Ұлттық университетте 41 жыл дәріс берді.







**Қалижан қажы мен Қалампырдың отбасы**

Жәлелдің қызы Дәметай Қармақшыда орта мектеп бітіргесін Қонақбай мен Сәуияның қастарына келіп, Жезқазғандағы медициналық училищеде оқып, медбике мамандығын алып шығады. Қазіргі кезде Әбілбек пен Дәметай Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Өскен-өнген Тимур, Алма, Асия атты балалары бар.



**Әбілбек пен Дәметайдың отбасы**

Қонақбай мен Сәуия алыстағы ағайындармен байланыстарын үзбей, хабарласып, мүмкіншіліктері келгенше қатынасып тұрған. Бұл ретте Мұхит Әубәкіров ағамыз жыл сайынғы еңбек демалысын, кейіннен зейнеткер болған уақытында да, елдегі ағайындармен қауышып қайтуға пайдаланатын.

Қызылорда қаласында Сейітмағанбеттің қызы Майраш тұрды. Қазіргі уақытта Тәумен мен Майраш шаңырағының иесі Серік деген баласы болып табылады. Серіктің мамандығы – архитектор.

Ақтөбе қаласында Оспан (Нұрым аталағының ұрпағы) ақсақалдың ұрпақтары тұрады. Балалары – Сәтжан, Сағитжан.

Ежелден қазақи тәрбиеде нағашы жұртқа өте көп мән берген, көбінесе жас баланың мінез-құлқы, өмірге көзқарасы нағашылардың тәрбиесімен қалыптасқан. «Жігіттің жақсы болуы – нағашыдан, үйдің жақсы болуы - ағашынан» деген мақал содан қалыптасқан.

Ақтөбе облысының Ақтасты өңірі (Әйтеке би ауданы) - Қонақбайдың нағашы жұрты тұрақтаған жер. Әулеттің үлкені – Ұлы Отан соғысының ардагері Айтмағанбет ақсақал (Айтқұл Тоқа аталығынан) болды.

Айтмағанбеттің балалары – Мыңтай, Аманкелді, Айсауле, Бейбітәлі, Жансауле, Қайырбек, Қайратбек.

70-тың шыңына көтеріліп отырған Бейбітәлі Ақтөбе қаласында тұрады. Бейбітәлі мен Жұмағайша балаларын өсіріп, немерелерінің қызығын көріп отыр.

Қайырбек пен Қайратбек балалары Әйтеке би ауданына қарасты Әйке ауылында тұрады.



**Айтмағанбет ақсақалдың әулеті**

Қонақбай мен Сәуияның балаларының нағашы жұрты Әлім руының Сейітқұл Қарабек аталығынан тараған Жұбановтар әулеті болып табылады. Бұлар үш ағайынды ұрпақ – Қуаныш, Қуанышбай және Сейілдік.

Қуаныш Жұбанов (1900-1937) – педагог-ұстаз, Ақтөбе уездік атқару комитетінің мүшесі, Ақтөбе губерниясының оқу бөлімін басқарған, «халық жауы» деген жалғын айып тағылып, «үштік» сот шешімімен атылып кетті. 1958 жылы ақталды.

Қуаныш пен Кәменнен Әйткүл және Мәриям туады.

Әзім (жездеміз кен инженері Қонақбаймен Алматыда қатар оқыған) мен Әйткүл (мамандығы – бухгалтер) Жезқазған өңіріне белгілі азаматтар болды. Балалары: Ғазиз, Ғазиза, Халида, Нұрлан және Нұргүл.

Әбуғали (мамандығы агроном жездеміз алаш қайреткері Темірбек Жүргенов туралы зерттеулер жазған) мен Мәриям (мамандығы – мұғалім) да Ақтөбенің Қандыағаш және Ырғыз аудандарында белсенді қызмет атқарған азаматтар болды. Балалары: Қайрат, Зәуре, Талғат және Сабыр.



**Әбуғали мен Мәриямның отбасы**











**Әзім мен Әйткүлдің отбасы**

Сейілдік Жұбанов (1908-1942) – мұғалім, Ұлы Отан соғысында Сталинград түбіндегі шайқастан кейін хабарсыз кеткен. Сейілдік пен Бәдигүлдің (мамандығы – мұғалім) балалары: Ақберген және Хадиша болды.

Ақберген (Ақтөбе педагогикалық университетінің оқытушысы болды) және Еркенің (мамандығы – мұғалім) қызы - Айман, немересі – Карима.





**Ақберген мен Еркенің отбасы**

Інәбат (жездеміз Ырғыз аудандық комитетінің жауапты қызметкері болды) және Хадишаның (мамандығы – мұғалім) балалары: Жолмырза, Шолпан, Дархан, Әбдіжәлел (қайтыс болды), Жанар, Гүлнар, Анар, Ирина.









**Інәбат пен Хадишаның отбасы**

Сәуияның түп нағышылары Нұрғали мен Қажығали Тастанбаевтар әулеттері болып табылады. Нұрғали мен Елеудің балалары: Сәуле, Болат, Сайран және Роза. Қажығали мен Күләштың балалары: Самат, Қанат және Сәкен.













**Тастанбаевтар отбасылары**

Сәуияның әкесі - Қуанышбай Жұбанов (1906-1986),Ұлы Отан соғысының ардагері, шешесі – Нәбира (ертерек қайтыс болды). Балалардың Зада әжесі (1921-1994) Нәбираның жақын сіңлісі болып табылады. Қуанышбай мен Заданың баласы – Серік.

Серік (кен инженері) пен Бәдигүлдің (мамандығы – мұғалім) балалары - Тұрар (19 жасында қайтыс болды), Гүлжайнар, Гүлмира.

Ардақ (кен инженері) пен Гүлжайнардың (мамандығы – мұғалім) балалары: Ердәулет, Қасым.

Мұқанбетәлі (кен инженері) мен Гүлмираның (кен инженері) балалары: Ернұр, Мансұр және Айханым.







**Серік пен Бәдигүлдің отбасы**

## ЕСТЕЛІК ЛЕБІЗДЕР

### Жәния Нұржанның естелігі



*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті ұстаздарының ұстазы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор.*

Ақтөбе халқынан, тума-туыстардан дұғай-дұғай сәлем!

Ескі жыл – 2020 жыл қиыншылығымен кетті, жаңа жыл – 2021 жыл жарқырап келді!!! Құтты болсын!

Амандықтарыңызды естіп, қуанып жатырмыз. Естелік дайындап жатыр екенсіздер, сәтті болсын.

Мен де Қонақбай және Сәуиямен бірге достық, жастық шағымыз жайында еске түсірейін...

Қонақбай, Әмірхан, Сәуня және мен - төртеуіміз Ырғызда бір сыныпта оқыдық. Ұлы Отан соғысы кезінде Ақтөбе темір қорыту зауытында күндіз жұмыс істеп, кешкілік ФЗО-да оқыған жасөспірім Қонақбай орыс тілін жақсы білетін. Емтихан уақытында Сәуия екеуімізге шығарма жазғанда көмектесетін, ал математикадан Әмірхан көп көмек берді. Біз тапсырмаларды тез орындап, сыныптан ерте шығып кетеміз, олар болса өз тапсырмаларын ең соңында орындап шығатын.

Сәуия екеуіміз Н.Байғанин атындағы Ақтөбе педагогикалық институтында бірге оқыдық, Қонақбай мен Әмірхан Алматыда оқыды.

Мен Әмірханға институттың 3 курсында оқып жүргенде тұрмысқа шықтым, үлкен кісілермен бірге тұрдым. Қонақбай мен Әмірхан жазғы каникулда ауылға бірге келетін. Қонақбай мен Сәуияның бір-бірімен кездесіп, жүрек табысып жүрген кез болатын. Түнімен қыдырыстаған

Қонақбай үлкен кісілерден қымсынып, үйге терезеден кіретін. Содан Әмірхан екеуі таң атқанша ұйықтамай, әңгіме айтып шығатын.

Қонақбай мен Сәуия үйленіп, екі жас қол ұстасып, Жезқазғанға аттанып кетті. Біздер өмір бойы отбасылық жақын қарым-қатынаста болдық. Әмірхан екеуіміз мүмкіншілік болса, Жезқазғанға жиі барып тұратынбыз. Балалар да бір-бірімен танысып-білісіп, әке-шешелерінің шынайы достық сезімдерін үлгі тұтып өсті.

Мен 90 жасқа келіп отырмын. Өмірден көргенімді, білгенімді, жинаған тәжірибелерімді жастарға беріп кету ойдан кетпей, «Жүрегімнің жылуы - жастарға» атты естелік жазып, бітіріп отырмын.

«Жастарымыздың заман талабына қарай игеріп жатқан білім, ғылымдары шыңдалсын, ақыл-ойы, жүректері иманмен нұрлансын! Ғасырдан ғасырға жалғасқан ұрпақ сабақтастығы сарқылмасын!» - деген тілектерімді Сіздерге де арнадым.

Бәріңізге Алланың нұры жаусын!

**Ақтөбе қаласы,**
**13 қаңтар 2021 жыл**

## Нығмет Ильясовтың естелігі



*«Қазақмыс» корпорациясының «Құрметті еңбек ардагері», Жезқазған қаласының «Құрметті азаматы», Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген металлургі, КСРО Министерлер Кеңесі сыйлығының иегері.*

Мен Қонақбай Сейтмағанбетовты алғашқы рет көргенім 1960 жылдардың орта кезі болатын. Бірақ көрмей тұрып сыртынан әбден қанық болатынмын. Оған себеп менің жақын жолдасым, жерлесім Ақтөбеде мектепте және Ленинградта институтта бірге оқыған Нұртілеу Жүнісов еді. Нұртілеу Қонақбайды аузынан бір тастамайтын, екі сөзінің бірінде: «Қонекең олай деді, Қонекең былай деді» - деп, айтып отыратын. Қонекеңмен алғашқы кездескен жерім Рудник кентінің саябағы болды. Ол кезде ішінде кішігірім стадионы, бассейны бар саябақ халықтың демалыс күндерін таза ауада балаларымен бірге қыдырыстап, дем алатын бірден-бір мәдени орын болатын.

Міне сол саябақта Нұртілеу екеуіміз Қонекеңмен жолығысып, таныс-біліс болдық. Қарасам ол кісі ұзын бойлы, кең иықты, қараторы, жылы жүзді азамат екен. Кейіннен менің немере інім Ғалымжан мен Қонекеңнің қызы Нұрия бас қосып, отау құрғанан соң жекжат, құда-құдандалы болдық. Отыз жылдан астам уақыт бойы Қонақбай мен Сәуияның отбасымен жақын араласып, балалар да бір-бірімен туысқандық қарым-қатынаспен өсті.

Қонекең екеуіміздің мамандығымыз әртүрлі болғандықтан әр салада жұмыс істеп, қызметтес болған жоқпыз. Онымен қатар қызмет атқарған жолдастардың айтуынша Қонекең терең білімді, қабілетті ұйымдастырушы, әділетті басқарушы, қарамағындыларға қамқоршы бола білген.

Қонақбайдың замандас жолдастары көп болатын, олардың арасында Жезқазған өңіріне әйгілі, тіпте елімізге белгілі ардақты азаматтар болды: Аманжол Шәмелханов – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының бірінші орынбасары болып қызмет атқарды, Кәкімбек Салықов - атақты ақын, мемлекет қайреткері, Жәлел Қалмағанбетов – қоғам және мемлекет қайреткері, Жаналы Сағитов -

Жезқазған ғылыми-зерттеу және жобалау институтының, алтын өндіретін Васильков кен-байыту комбинатының директоры, Байзақ Алматов - Жезқазған ғылыми-зерттеу және жобалау институтының бас инженері, Ақтөбедегі Юбилейный кенішінің директоры, Садық Асатов – атақты өндіріс ұйымдастырушысы, Жәйрем кен-байыту комбинатының директоры, Нұртілеу Жонысгегі – Жезқазған кен-металлургия комбинатында шахта және кеніш бас инженері болып 50 жыл бойы еңбек еткен, Сәтбаев қаласының құрметті азаматы және т.б.

Қонекеңнің өзі де қызметте абройлы болды, Жезқазған кеніштерінде бірнеше шахталарды басқарды, Жәйрем кен-байыту комбинатының құрылысы басталғанда өндірістік Қиыр Батыс кенішінің алғашқы директоры болды.

Ерен еңбегі үшін Қонақбай Сейтмағанбетов «Октябрь Революциясы» орденімен марапатталды.

Өмірде Қонекең ақжарқын, аққөңілді адам болатын. Кісіге жақын, ешкімге жамандық ойламайтын, жолдастыққа адал болды. Біреудің жетістігін көре алмаушылық, қызғаншақтықты білмейтін. Біреудің қолы ұзарып, табысқа жетіп жатса: «Әп бәрекелді, дұрыс болған» - деп, қуанышын бөлісуге дайын тұратын.

Бәйбішесі Сәуия да қонақжайлы болды, дастарханы жыйылмайтын. Жезқазған өңіріндегі Ақтөбелік жерлестер болып Қонақбай мен Сәуияның айналасына үйірлейтінбіз.

Қонекең өте намысшыл болды. Өзінің өндірістегі ұстазы, ағасындай болған Жезқазған кен басқармасының бұрынғы директоры, Социалистік Еңбек Ері Мұхит Құлжанұлы Бөпежановтың атына кеншілер қаласы Сәтбаевта дұрыс көше берілмеді деп ашуланып, әкімшілікке талай барып, талап қойғанды. Нәтижесінде қаланың орталық бөлігінен ол кісінің атымен аталатын көше бекітіліп, салтанатты түрде белгісі қойылды. Бұл шара да Қонекеңнің үлкен адамгершілігінің бірі болды.

**Жезқазған қаласы,**
**14 қаңтар 2021 жыл**

**Сағидоллаев Аманбай Сағидоллаұлының естелігі**



*«Қазақмыс» корпорациясының «Құрметті еңбек ардагері», Сәтбаев қаласының «Құрметті азаматы».*

Мен Жезқазған өңіріне сонау 1971 жылы Қарағанды политехникалық институтын түлегі жас маман болып, Жезқазған шахтақазбалау тресіне жұмысқа жолдамамен келген едім.

Кезінде жас болған себепті Қонақбай ағамен таныс бола алмадым. Уақыт өте келе жасымызда өсіп, қызметімізде жоғарлап, ағамен түрлі жиындарда, отырыстарда кездесіп жүрдік.

Ағаны мен 1980-жылдардан бастап әр түрлі қоғам жұмыстарында жүрген кезден бастап жақсы таныдым. Сәтбаев қаласы маслихатының депутаттары болып қоғам жұмысына белсенді араластық. Қонақбай аға сол кездегі ақсақалдар қауымының белсенді мүшесі болған. Сол кездері ағаның қолдауымен біздің елдің үлкен азаматтары Нұртілеу, Нығымет, Бозтай т.б. ағалармен танысып, үлкен бір қауым болып өміріміз жалғасып еді.

Аға құрметті еңбек ардагері есебінде сол кездегі жастарға, соның бірі мен, үлкен үлгі болғанын көпшілік жақсы біледі. Мен де тау-кен инженері болғаннан соң бір бірімізбен түсіністі болып, қатты сыйластық. Кейін сол сыйластығымыз жақсы жалғасын тауып отбасыларымыздың жақын болып, араласып кетуіне жеткізді.

Сәуия апай марқұм менің жұбайым Айшамен жақсы сыйластықта болған еді, «топырақтары торқа, жатқан жерлері жайлы болсын» - деп тілеймін. Ағай мен Сәуия апай отбасымызда талай рет қонақта болып, ақ баталарын беріп еді. Балаларымыздың тойларында болып, біздің қуаныштарымызбен бөлісіп жүретін. Біз жас болсақ та әр кездері қонақ қылып шақырып, үлкен құрмет көрсететін.

Қонақбай ағаның отбасымен жақындығымыз ағаның балаларымен жалғасын табуда. Кезінде мен «Қазақмыс» корпорациясында қызмет

жасағанда Серікпен таныс болғам, сол таныстығымыз әлі күнге дейін жалғасып, аға-іні болып сыйласып келеміз. Қарындасымыз Нұрия - біздің Сәтбаев қалалық медицина поликлиникасының үздік дәрігері. Әр уақытта бізге көмегін беруге дайын.

Қонақбай аға ашық, аққөңіл, сабырлы, әртүрлі отырыстарда жарасымды әңгіме айтып, ортаны толтырып отыратын. «Ол кісіге қарап, біз де біраз өмірлік тәрбие алдық» - десем, қателеспеймін. Біздің жұбайларымыз үшін Сәуия апаның айтқан тәлім-тәрбиелік әңгімелері өте көп болды: ағаны қиын қыстау кездері қалай қолдап жүргені жайлы, кеншілерге белгілі шахта жұмысы, әсіресе сол шахталардың басшысының өмірі, бір кездері күн демей – түн демей қызмет жасап, кейде отбасында ұмытып кетуге тура келетін жағдайлары, сол кездері отағасына түсінікпен қарауы өте маңызды екені туралы және т.б.

Мен Қонақбай ағаны сол 1950-1960 жылдары Жезқазған кен өңірінің негізін қалаушылардың алдыңғы қатарындағы азаматтардың бірі деп білемін. Қонақбай аға есімі ел есінде. Біз, ізін басып келе жатқан інілері, ағаның өмір жолын жалғастырып, өзімізден кейінгі жастарға өнеге болатынымызға сенімдіміз.

**Сәтбаев қаласы,**
**31 желтоқсан 2020 жыл**

## Аға туралы айтсам



***Айсауытов Мыңжасар Тотанұлы***

*Инженер-металлург, техника ғылымдарының кандидаты, ұзақ жылдар бойы Жезқазған мыс зауытының бас инженері, кен-металлургия комбинатының партия комитетінің хатшысы болып жұмыс атқарды. «Мысты өңір» газетін ашуға белсенді ат салысқан ел азаматы.*

Қонақбай ағамыз туралы мен алғаш рет 1973 жылы өз әкемнен естідім. Алматы политехникалық институтының 3-курс студенті болып жүріп, Жезқазған мыс зауытынды өндірістік тәжрибеден өтіп, келесі курс алдындағы қысқа демалысқа ауылға келгенмін. Әкеміз Тотанға (ол кісіні балалары тәте дейтінбіз) мен Жезқазғанда болғанымды айтқанда: «Осы Мұхит, Қонақбай ағаларың Жезқазғанда емес пе еді, олардан хабарың бар ма?», - деп сұрады. «Қонақбай ағаңды Жезқазған облысы біледі, естімедің бе?» - дегені. Мен Қонекеңді білмейтінімді айттым.

Мен кейін әжемнен сұрасам, Қонекең біздің елдің белгілі азаматы екен, ол кісінің үй-ішімен ата-әжелеріміз бір ауылдың тумасы болып шықты. Үлкен атасы ел ұстаған Жайсаңбай деген кісі кезінде қажылыққа барған, балаларын жаңаша оқытқан адам екен.

1930 жылы (жергілікті ел аузында «тоқалар қырғыны» деген атпен белгілі болған) Кеңес үкіметіне қарсы көтерілісте әулет болып қатысқан Қонекең әулетінің үлкен ер-азаматтары сол қырғынның ішінде кетеді, ал қалған жесір ана, жетім бала ашаршылыққа ұшырайды. Ел ішінде есіктен-есікке, ауылдан-ауыл жағалап жүріп, Арал, Қармақшы, Қазалы асып айналып, қайыра Ырғыздың жетім балалар үйінен шығады.

Жетімдер үйінде балалар аурумен аштықтан қырылып жатқанда енді аурудан өледі  деген баланы біздің Айкүміс деген апамыз қолына алып, бірге жан сақтайды. Бірақ көретін жарығы бар екен, «Жетім қозы тасбауыр, маңырар да жетілер» - дегендей, қарасқан мейірман жандардың арқасында аман тірі қалады.

Институттың 4-ші курсінде оқып жүргенімде, Бейбіт ағамыз бен Жұмағайша жеңгеміздің үйлену тойында, Қонекең туралы әңгімені

Бейбіттің әкесі - Айтым ақсақалдан тағы естіттім. Мен Айтекеңнен ағамыз туралы сұрадым, ол кісі «Алмас пышақ қап түбінде жатпайды деген» - деп, мына әңгімені айтқан еді:

«Қонекеңнің есіктен-есікке, ауылдан-ауылға ауысып жүріп оқуы толық болмапты, кезінде әр жерден жұлып-жұлып оқыған деген сегіз кластық куәлігі бар екен, Ақтөбедегі ФЗО (фабрика-зауыттық оқу) дегенде де оқып, қосымша жұмыс істепті. Ертерек қатарға қосылғысы келіп, қала мектептеріне барса 10-сыныпқа алмайды. Қайсар Қонекең енді елдегі Ырғыздағы аттестат беретін мектептің 10-сыныбына түспек болады, ондағы ойы - бір жыл 9-сыныпты аттап өтіп, үш тоқсан өткен 10-сыныпты бітірмек болады. Аудандық оқу бөлімінің басшысына барады, ол балаға «болмайды, басым кетеді» - деп, көнбейді. Қонекең тайсалмай: «Мен 9-сынып сабағын түгел білемін» - деп жалынады, шешесі екеуі келіп өтінеді. Басшылықтың тапсырмасы бойынша мектеп директоры табан астында тексермек болып, ойына келген орыстың ақыны И. Крыловтың бір мысалын айтуын сұрапты. Қонекең орысшасын да, қазақша аудармасын айтып береді. Таң қалған директор ертеңіне комиссиямен алгебрадан емтихан алмақ болады. Жас бала бір күнге мектептен қоймай кітап сұрап алып келіп, ертеңіне комиссиядан сүрінбей өтеді. Комиссия өткізіп, бала 10-сыныпқа түсіп, бір тоқсан жетпейтін оқу оқып, мектепті түгел беспен бітіріпті. Жазда тауар вагонымен Алматыға жетіп, тегін тамағы бар кен-металлургия институтына түседі».

Осыны айтып, Айтым ақсақал бізге: «Ағаларыңдай болыңдар» - деп, тілек тіледі.

1975 жылы дипломдық практикаға Жезқазғанға тағы оралдым. Дипломдық жұмысымның жетекшілері Онаев Ибрагим Абулгазиевич (қазақтан шыққан бірінші металлург, ғылым докторы), Спитченко Виктор Васильевич (техника ғылымдарының кандидаты) менің жақсы оқитынымды ұнатып, Алматыда қалып, ғылыммен айналасуымды қалап, үгіттеп жүретін. Жастықтың буымен Алматыда қаламын деп ойлап жүргенмін.

Дипломға керекті материалдарды жинап жүріп, тәтем тапсырмасымен Мұхит ақсақалға барып сәлем бердім. Біздің үйге жиі келетін, келген сайын әкемізбен бірге қалай соғысқа барғанын еске түсіріп айтып отыратын, Мұхит ақсақал сол Қонекеңнің туған ағасы екен.

Мұханды жақсы білетінбіз, біздің әкеміздің ең жақын достарының бірі еді. Жарықтық балажан еді, бізбен сөйлесіп отыратын.

Мұхаң да кеніште жұмыс істейді екен, өте риза болып қалды. Әңгімеден әңгіме шығып, менің оқу бітіргенімде кім болып, қайда істегім келетінін сұрады, мен жетекшілерімнің ұсынысын айттым.

Кетерімде Мұхаң: «Келесі сенбіде кел, Қонақбай ағаңа бірге барайық, елдің әңгімесін тыңдасын» - деді. Мен айтылған күні Мұхаңа еріп Қонекеңдікіне бардым, үлкен жер үйде тұрады екен. Бірінші көргенімде аға аппақ тік жағалы ақ көйлек киіп алған, қыр мұрынды, өткір көзді, тез сөйлейтін кісіні көрдім. Үйде отырып, жиі-жиі телефонмен шаруа жайын сөйлесіп отырды. Елдегі ағайындар туралы көп сұрады, сағынғандай көрінді.

Шамасы, Мұхаң айтқан –ау деп ойладым, ол кісі аздан соң : «Оқуды бітірген соң қайда жұмыс істейсің?» - деп сұрады. Мен өзіммен алып жүрген зачеткамды көрсетіп, жетекшілерімнің ұсыныстарын айттым. Қонекең бірден: «Егер елге, жерге қызмет еткің келсе, осы өндіріске кел, еңбегіңнің жемісін көресің. Оқыған мамандығың жеңіл емес, маған ұнайды, нағыз абыройға жеткізетін мамандық. Біздің қазаққа казір инженерлер керек, елдің керегіне жарасаң - азамат боласың. Өзің практикадан өткен зауыт үлкейеді, жан-жақтан көп мамандар тартылып жатыр. Сол жұмысқа кіріс, Алматы ешқайда қашпайды, егер сосын айналысам десең осы жерден тәжірибе алып бар. Бірақ, бір ескертетінім жұмысты күнкөріс деп ойлама, бұл жұмыс елдің қажеті, соған ат салысып жатырмын деп жұмыс істе» - деді.

Мен ағаның айтқанын есімде сақтадым, кейін институтты жақсы бітіріп, жолдама алып шығарда комиссия алдында Жезқазғанды қаладым. Ағаның ақылы әлі есімде, ол кісінің елдік мүде туралы айтқан бағыт-бағдары еңбек жолыма бастау болып еді. Кейін ойласам, ел жүгін көтеру сол ағаларымыздың өмірлік ұстанымы екен. Қонекең ағаммен жұмыстас болмадым, бірақ ол кісінің ел алдында, комбинатта қызмет істеген мамандар алдында беделі зор екені біліну тұратын.

Бірде комбинаттың экономика жөніндегі басшысы болып ұзақ уақыт жұмыс істеген Исаев Ордабай деген өте сыйлы ағамыз менен қай жердің тумасы екенімді сұрап: «Сен Қонақбайдың інісі екенсін ғой, сол ағаңдай елшіл бол, тура бол» - дегені бар. Өзі куә болған, Орталық комитеттің

хатшысы қатысқан бір жиналыста Қонекеңнің топтан жарылып шығып Жезқазғанның мүдесін қаймықпай қорғап сөйлегенін айтқан. Сол хатшыны Москваға жолға шығарып, қайтарда комбинаттың директоры В.В. Гурба қасындағы Ордекеңе: «Біздің жігіттер жарады, нағыз азамат» - деп, Қонекеңе баға берді» - деп еді.

Қонекеңді өз қатарлары істің адамы дейтін, есімде қалғаны - ағаның айтқан сөздерінің дәл тиетіні, сөйлескен кісісін бұлтартпайтындай көзқарасы. Ақсақалдардың бірге отырған кездеріндегі оған деген ерекше ықыласы, тіпте жасы үлкендерінің де ол кісіні аға тұтатындай қалпы білінетін.

Кейде біз бар нәрсені көре тұра түсіне бермейміз - қазақ елінде Жезқазған комбинаты секілді өндіріс ошақтары саусақпен санарлықтай емес пе?!, соны аяғынан тік тұрғызған Қонекең секілді өткен буынның ерен еңбегі емес пе?!, кеше еліміз Одақтан ірге бөлгенде осы өндіріс орындары тәуелсіздіктің тірегі болған жоқ па?!, ол кісінің өзі басын бастап кеткен Жәйрем әлі де елге қызмет жасап жатыр емес пе?!, осы кәсіпорындардан қанаттанған талай жас еліне қызметін жалғастыра берер, солай өмір жалғаса бермей ме?!!.

Қонекеңді айтқанда Мұхаң - Мұхит әкеміз еске түседі. Тағдыр талқысымен екі тексті арқалаған екі бауыр өмірден қиыспай сыйласып өтті, Мұхаң өз тегімен Әубәкіров болып қалса, ағам: «Мен Сейітмағанбеттің жалғызымын» - деп кетті. Мұхаң біздің ауылдан Ұлы Отан соғысына кеткен 17 жастың тірі қайтқан үшеуінің бірі еді. Сол үшеуден ең ұзаққа барған, сонау ұлы жеңіс күндері Германияның Торгау деген өзенінің бойында Америка солдаттарымен кездескен майдангер еді. Соншама қиындық кешіп аман-есен келіп елімен, бауырымен табысып ұрпақ сүйіп, елімен бірге өмір кешті.

**Алматы қаласы,**
**17 қаңтар 2021 жыл**

## Воспоминания дочери

Папа и мама для меня всегда были олицетворением интеллигентности, доброты, трудолюбия, справедливости. И хотя они были очень разные по характеру, они прекрасно дополняли друг друга. До сих пор я слышу папин заразительный смех, мамины добрые советы. Мама всегда говорила: «Бір нәрсені істесең, көңілмен істе», т.е. если что-то делаешь, то делай это с удовольствием, душой, настроением и улыбкой. И такие слова очень помогают в разных ситуациях.

Папа всегда занимал ответственные посты, но несмотря на это находил время, чтобы уделить нам - детям внимание. Начиналась весна, и с 1-го мая и всё лето мы выезжали на природу. Папа возил нас на речку, в степь, и это были такие замечательные моменты, когда мы всей семьёй отдыхали и наслаждались природой.

Вспоминается, конечно, очень многое. Помню как-то папа поехал в командировку в Москву и привез мне книги по английскому языку - по английской грамматике. Тогда я уже заканчивала институт. И эти книги на протяжении всей моей профессиональной деятельности были настольными книгами, я к ним обращалась как к справочным пособиям.

Возвращаясь с командировки, папа всегда привозил для нас сладости, а для мамы – отдельный подарок.

Папа сам был очень активным, и мама с папой никогда не сидели просто так, без работы. И передали нам эти качества. И всегда старались дать нам возможность развиваться и физически, и культурно, и духовно.

У нас была замечательная библиотека - папа собрал произведения классиков, которые мы с удовольствием читали. Он нас научил кататься на лыжах, на коньках - это было замечательное время. То, что мы играли на пианино, ходили на кружки рисования, танца - всё это потому, что мама и папа давали такую возможность.

Папа был очень общительным человеком и куда бы он ни поехал: в командировку, на учёбу, в отпуск - он всегда находил друзей и родственников. Скорее всего это были родственники не по крови, а по душе. И такая же черта характера передалась и мне. Я тоже люблю путешествовать, знакомиться с людьми.

**Улия Сейтмагамбетова**

**г.Алматы, 14.01.2021г.**

## Воспоминания внучки

Мои яркие воспоминания детства - это как аташка любил ажешку и никогда не стеснялся показывать свои чувства к ней.

Однажды, мы были ещё маленькие, лет 5-6, сидели на веранде и пили нашей большой семьёй чай. И тут аташка начал нам рассказывать, как любит и ценит ажешку. Ажешка же в свою очередь, с юморком попросила аташку тихо пить чай. Аташка не унимался и говорит: «А хотите я докажу, как сильно я люблю вашу бабушку?». Мы, конечно же, поддержали аташку!

Рядом стояло радио, по радио играла какая-то песня, аташка начал тянуться к ажешке и когда он был близко к ней , то радиоволны внезапно сбивались. И так было каждый раз, когда аташка проводил свой эксперимент. В итоге, аташка всем нам доказал и показал свою сильную любовь к ажешке, мы-дети были изумлены таким феноменом, а ажешка смущённая и довольная. Прекрасные воспоминания!

**Гульжан Сейтмагамбетова**
**г.Алматы, 14.01.2021г.**

## МҰРАҒАТТЫҚ МӘЛІМЕТТЕР





Жоғарғы әскери коллегиясы үкімімен атылған. Кейін ақталды.

СЕЙТМАҒАМБЕТОВ **Қонақбай** /10.9.1929 ж.т. Ырғыз ауд. Жайсаңбай а./ - тау-кен инженері. Қазақтың тау-кен және металлургия институтын бітірген /1953/. 1953-73 ж. Жезқазған кен-металлургия комбинатының 31, 42, 51 шахталарының бастығы, Шығыс Жезқазған руднигінің директоры. 1973-75 ж. жаңадан ұйымдастырылған Жәйрем кен-байыту комбинатының тұңғыш директоры болды. 1975 жылдан бастап 1991 жылы зейнеткер-

648

«Ақтөбе энциклопедиясы», 2011 жыл






«Мыстан құйылған тарих» кітабы, 2018 жыл




ЕСІМІ ЖҰРТҚА МӘЛІМ КЕНШІ

*СЕЙІТМАҒАНБЕТОВ Қонақбай – Ырғыз бойында туғанмен тағдырын Жезқазған өндірісімен байланыстырған жан. Өмірінің 45 жылын мысты аймақ өндірісінің дамуы мен өркендеуіне бағыштаған кенші. «Октябрь Революциясы» ордені және бірнеше медальдың иегері.*

*1953 жылы Алматы қаласындағы Қазақ тау-кен металлургия институтын бітірген. Өндірістегі еңбек жолын 24 жасында №44 шахтада кен шебері болып бастайды. Кейін осы шахтада бас инженер болады. Біраз жыл №31 және №42 шахтаның директоры қызметін абыроймен атқарады. Шахталарды іріліндіріп, кеніштер құрыла бастаған тұста ол Д.Ештанов басқаратын Шығыс Жезқазған кенішінің бас инженері қызметіне тағайындалады.*

**«Ұлытау және ұлт» журналы. №4, 2017 жыл**



майтын.

Уақыттың қаталдығы, яки, айналадағы үлкен-кішінің үнемі қимыл-қарекет үстінде

тапсырылса да еңсеріп алып кетті. Қиындық, кедергілерден қаймықпай қашанғы дағдысынша қажырлы қасиет

байқатты.

Кейін В. Гурба жолыққанда:

— Зәреміз зәр түбіне кетті

# Қонаевты қызықтырған Қонақбай

жүретіндіктері ме Қонақбай кішкентайынан шымырлау өсті. Тапсырманы тап-түйнақтай етіп орындады. Алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы да болды. Ойындағысын іске асырмай тын-

танытты.

Ол еңбек жолын бастаған № 44 шахта ұжымы көптеген игі істердің ұйытқысына айналды. Алғашқы кен техникалары осы шахтада сы-

ғой. Бірдеңені бүлдіріп алар деп ойлағанмын. Бәрі де ойдағыдай болды. Жарайсың, жігітім — деп арқасынан қақты.

Қазір Қонақбай аға еңбек

**«Мысты өңір» газеті. № 37, 1999 жыл.**
**Авторы – Н.Әлім**



● *Кеудесі ағалардың алтын сандық*

# «ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК ОРТАСЫНДА ӨСТІК БІЗ»

***Жезқазған кенін игеріп, ел байлығына елеулі үлес қосқан ардагерлердің бірі — Қонақбай СЕЙІТМАҒАНБЕТОВ ақсақал. Еңбек жолын Жезқазған кеніштерінде бастап, осында құрметті еңбек демалысына шыққан ол кісінің өткен өмірі жолдары туралы айтар әңгімесі де аз емес. Жақында газетіміздің тілшісі Қонақбай ақсақалға арнайы жолығып, шым-шымдап сыр тартқан еді.***

— Менің Жезқазғанға келуіме Өмекеңнің — академик Өмірхан Байқоңыровтың әсері тиді. Өйткені, ол кісі 1952 жылы Қазақ тау-кен институтының ректоры болып келді. Біз соңғы курстың студенті едік. Өмекең біздерге Жезқазғанға кен өндірісіне бару керектігін айтып түсіндірді. Сөйтіп, 1953 жылы институтты бітірген 33 жігіт жолдаманы Жезқазғанға алдық. Солардың арасынан Қуанышбек Бексұлтанов, Темірхан Ысқақов, Төлеш Ермағанбетовтер Қарсақбайға кетті де, қалғанымыз Жезқазған төңірегінде қалдық. Ол кезде кен басқармасы болатын. Директоры Н. Н. Першоков, бас инженері В. В. Гурба деген кісілер еді. Мені № 44 шахтаға жіберді. 1950 жылдың қандай уақыт екенін өзіңіз де бағамдайтын боларсыз. Кеніштерде жұмыс істейтін- [illegible] айта кетейін, Жезқазғанда алғашқы Еңбек Ерлері атанып «Алтын жұлдыз» таққандар кен басқармасының бастығы Мұхит Бөпежанов пен № 31 шахтаның забойшысы Леонид Тузов деген кісілер еді.

**«Сарыарқа» газеті. № 35, 1997 жыл.**
**Авторы – А.Дастанов**



● *Жақсының жақсылығын айт...*

# АРДАГЕР ЖҮРГЕН ЖАРҚЫН ЖОЛ

***Байырғы тау-кен инженері Қонақбай СЕЙІТМАҒАНБЕТОВ өмірінен бір үзік сыр***

Барлық қайратты ғұмырын, әсіресе, құрыштай мықты денсаулығы мол ұзақ жылдарын шахта жұмысына арнаған байырғы кенші, кенді аймақтағы белді де білікті тау-кен инженері болып бірнеше шахталарды басқарған, ірі кеніштердің бас инженері, директоры қызметтерін атқарған ардагер қарт жайлы қалам тербеуге әдепкіде жүрексінгенім рас. Қонекеңнің айтқанынан, өз ойынан шыға алсам жақсы. Ол кісінің көзбен көргені де, көңілге түйгені де көп. Бір басында үлкен бір дастанға өзек боларлық өмірдің небір қырлары мен сырлары бар ардагер ағаның Үлкен Жезқазған өндірісіне сіңірген елеулі еңбегі, төккен тері айшықты да салмақты. Олардың бәрін бірдей шағын мақалада айтып, жеткізу де қиын.

...Ұлы Отан соғысының шешуші шайқастары жүріп жатқан 1944 жылдың ішінде қатқан қара қайыстай тарамысталған 14-15-тердегі жас бала отбасындағы ауыр жағдайдың салдарынан Ақтөбе қаласындағы феррокорытпа заводына келіп, жұмысқа орналасты. Жұмыс қолы жет- ...

... күштерді ақылмен, кәсіби шеберлікпен осыған жұмылдыра білуің керек. Әйтпесе, жалаға ілінесің немесе орныңды босатасың. Өндірісте аузыбен, тілімен басшылық жасау абырой әпермейді. Бәрін де іс жүзінде көрсетуің керек, тың бастамаларға, жаңашыл істерге ұйытқы болуға тиістісің, әрбір кен техникасын, тіпті, қарауыңдағы бағыныштағы адамның орнын, пайдалану ретін бес саусақтай білу — негізгі шарт. Міне, осындай басшылық жұмыстың ұғыл-шұғылын іс үстінде нақты меңгерген Қонақбай Сейітмағанбетұлын кеніш басшылары бір шахтаның жұмысын аяғынан тік тұрғызғаннан кейін екіншісіне ауыстыра берді. Қонекең кезінде № 31, № 42 шахталарды да басқарды. Шығыс Жезқазған кенішінің бас инженері, директоры да болып қызмет атқарды. Бәрінде де абыройсыз болған жоқ. Азаматтық беделі де, абырой тұғыры да биіктей берді.

Алғашқы деген сөз жақсы ғой. Қонекеңнің өмірінде бұл сөз айтуға өзек боларлық көп жайларды еске түсіреді. Соның бірі — оның қазіргі ...

**«Сарыарқа» газеті. № 109, 1999 жыл.**
**Авторы – И.Бекмаханұлы**



Наши юбиляры

# ПЕРВАЯ РУДА КОНАКБАЯ СЕЙТМАГАНБЕТОВА

**_Как зайдет речь о Жайреме, все мне вспоминается далекий морозный зимний вечер. Было это в феврале 1976 года. Бывший Союз готовился к очередному XXV коммунистическому съезду. И готовились, как было принято, трудовые «подарки». Но Жайремская руда и в самом деле была необходима. Холодина была адская. А в глубине карьера «Дальнезападный», где несколько часов назад прогремел взрыв и все было готово к отгрузке первой Жайремской руды, стужа вообще казалась нестерпимой._**

На церемонию первой отгрузки понаехала целая толпа представителей партийных, советских, комсомольских органов, общественности. Слава Аллаху, ребятишек-пионеров в тот раз не позвали. Ну и, конечно, были газетчики, радийщики и телевизионщики. Естественно, сначала был митинг. Выступали, поздравляли, призывали... Но мороз свое дело сделал. Отключился усилитель от радиодинамика. Перестали стрекотать телекамеры. Тогда они были пленочные, типа «Кинор». Я сделал хитро: поставил микрофон на длинном шнуре-кабеле на трибуну, а устроился в теплом салоне «уазика» и записывал выступающих на магнитофон.

Запомнилось одно выступление. Было оно неординарным, страстным, взволнованным. Чувствовалось, что это событие для выступающего не было стандартным мероприятием. А было, что называется, кровным делом. Говорил первый директор строящегося рудника Конакбай Сейтмаганбетов. Вернее, должность его называлась так — заместитель директора Джезказганского горно-металлургического комбината по Жайремскому руднику.

После митинга пророкотал двигатель экскаватора, в кузов БелАЗа посыпалась первая Жайремская руда. И через некоторое время машина по узкому [illegible]

[illegible] начальником участка той же шахты. В 1958 году начальником шахты № 31, потом шахты № 42. С 1965 года — главный инженер Восточного рудника, с 1971 года — директор. Опять цитирую записи из личного дела К.С. Сейтмаганбетова. «Работая начальником участка, а с 1957 года — начальником шахты 31-32, проявил себя умелым организатором производства. Поэтому руководимые им коллективы всегда добивались высоких производственных показателей...» В 1958 году назначен начальником отстающей шахты № 42. Семилетний план по шахте № 42 был завершен досрочно в октябре 1965 года...» «...Под техническим руководством главного инженера К. Сейтмаганбетова Восточный рудник досрочно 19 ноября 1970 года завершил выполнение пятилетнего плана по всем технико-экономиче- [illegible]

[illegible] ют этот термин — разубоживание. Это технологическое смешивание более богатой руды с менее, а то и просто с породой. Известно, что раньше содержание меди в руде, добываемой в Жезказгане, было более высоким. А на таких шахтах, как «Покро», находили даже листы самородной меди. Но и тогда основными показателями были содержание металла и объем добычи. Что греха таить, иногда нужного объема добычи руды и достигали за счет разубоживания. Но это отрицательно сказывается на процессе обогащения, так как увеличиваются потери металла в «хвостах» — отходах. Многие руководители горного производства разных уровней испытали, что называется, на своих шкурах гнев вышестоящего руководства из-за случаев разубоживания. Не стал исключением и К. Сейтмаганбетов. А на- [illegible]

[illegible] женой, зовут ее Саул, вырастили трех дочерей — Нурию, Улию, Фариду, сына Сагатбека. Несмотря на все-таки преклонный возраст, ведь 70 лет — не шутка, Конакбай остается таким же неугомонным. Сейчас свою энергию он направил на общественные дела. Работал в поселке Рудник в поселковом Совете. Сейчас — председатель Совета ветеранов корпорации «Казахмыс» по рудничной площадке. Так что дома его в иные дни и не застанешь.

Газиз Омарович прибавил также, что эти слова о Конакбае Сейтмаганбетове могли бы сказать все, кто его знает. А знают очень многие. Среди них Толеген Мусаевич Абдрахманов, Игнат Евгеньевич Ли и другие уважаемые аксакалы. Последние предпенсионные годы Конакбай Сейтмаганбетович трудился в НИПИцветмета на разных должностях. В частности, был заведующим лабораторией механики горных пород, ныне это геомеханическая служба корпорации «Казахмыс». А в то время это была самая большая лаборатория в институте.

Рассказывает ведущий научный сотрудник лаборатории крепления института Бакытжан Кошумов.

— Лаборатория, которой руководил Конека, определяла геомеханическую ситуацию всего Жезказганского месторождения. Вот здесь и пригодился [illegible]

**«Подробности» газеті. 9 сентябрь, 1999 жыл.**
**Авторы – Е.Сапақов**



**«Подробности» газеті. 10 апрель, 2011 жыл.**
**Авторлары – В.Кокорина, М.Гринь (фото)**

*Кен өндірісінің қаһармандары*

## КЕНДІ ӨЛКЕ ЖАСТЫҒЫМНЫҢ КУӘСІ

*Қонақбай Сейтмағанбетов, еңбек ардагері, Октябрь Революциясы орденінің иегері.*



Жарты ғасыр. Бір адамның ғұмыры. Менің қазақ мемлекеттік кен металлургия институтын бітіріп, арнайы жолдамамен Жезқазғанға келіп, кенді өлкемен алғаш қауышқаныма да осыншама уақыт болыпты. Кіндік қаным тамбағанымен Жезқазған мен үшін өте қымбат.

...Жезқазған – [illegible] сағынғаным,
[illegible] жаныма мұң,
[illegible] сағыныштан,
Топырағыңды басқан соң [illegible],

деп ақын жырлағандай Жезқазғанды [illegible] сағынамын. Оған жеткенше асығамын. [illegible] 45 жыл саналы ғұмырым Жезқазған кен металлургия комбинатының шахталарында өтті. [illegible]

[illegible]

1953 жылдың шілдесі болатын. [illegible]

[illegible]

«Кен өндірісінің қаһармандары» кітабы. 2008 жыл.
Авторы – Ш.Рахметов


Сейтмагамбетов
(фамилия)
Конакбай
(имя)
(отчество)


«ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД. В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА»
УДОСТОВЕРЕНИЕ
Сейтмагамбетов
Конакбай
ОТ ИМЕНИ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА СССР НАГРАЖДЕН ЮБИЛЕЙНОЙ МЕДАЛЬЮ
„ЗА ДОБЛЕСТНЫЙ ТРУД. В ОЗНАМЕНОВАНИЕ 100-ЛЕТИЯ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ВЛАДИМИРА ИЛЬИЧА ЛЕНИНА"
Секретарь исполкома
Джезказганского
городского
Совета депутатов трудящихся
М. П.
27 марта 1970 года
1870–1970


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі № 1439 Жарлығы бойынша
Шомекей
Бока-Конакбай
Сейтмаганбетович
«1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл»
мерекелік медалімен наградталды


Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 951 Жарлығымен
Жубанова
Сауля
«1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл»
мерекелік медалімен наградталды
2010 ж.
1945-2010


Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 951 Жарлығымен
Сейтмагамбетов
Конакбай
«1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 65 жыл»
мерекелік медалімен наградталды
Қазақстан Республикасы Президентінің
2010 ж.
1945-2010


«УДАРНИК ДЕВЯТОЙ ПЯТИЛЕТКИ»
9 УДАРНИК ПЯТИЛЕТКИ
СССР
Знак учрежден Центральным Комитетом КПСС, Советом Министров СССР, ВЦСПС и ЦК ВЛКСМ
УДОСТОВЕРЕНИЕ
Жубанова
Сауля
награждена знаком
«УДАРНИК ДЕВЯТОЙ ПЯТИЛЕТКИ»
Постановлением Совета Джезк. облоно и ОК профсоюз. работников просвещ.
(подпись)
(подпись)


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығы бойынша
Сейтмагамбетов
Конакбай
„1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің елу жылдығы" мерекелік медалімен наградталды
Қазақстан Республикасы Президентінің атынан медаль 1995
күні тапсырылды
М.О.
( медальді тапсырушының қызметі мен қолы )
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
Сейтмагамбетов
Конакбай
в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 1 марта 1995 года
награжден юбилейной медалью
„Пятьдесят лет Победы в Великой Отечественной войне 1941 – 1945 гг."
От имени Президента Республики Казахстан медаль вручена
1995 года
М.П.
Черова
лица, вручившего медаль)
1945 1995

15 наурыз 2012 жыл

АҚТӨБЕ

№37-38 (19.573-19.574)

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді

www.aktobegazeti.kz

aktobegazeti@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# Қонақбай СЕЙІТМАҒАМБЕТОВ



Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбек майданының және кен-металлургия өндірісінің ардагері Қонақбай Сейітмағамбетов биылғы 12 ақпанда 83 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Ол 1929 жылы Ырғыз ауданының Жайсаңбай ауылында дүниеге келді. 14 жасында фабрика-зауыт оқуына (ФЗО-ға) алынып, оқумен бірге Ақтөбе ферроқорытпа заводында жұмыс істеп, еңбек жолын ерте бастады. 1953 жылы Алматыдағы Қазақ тау-кен институтын бітіріп, инженер-металлург мамандығын игерген Қонақбай жолдамамен Жезқазған кен-металлургия комбинатына жіберіледі.

Осы комбинатта ол 1953-1957 жылдары №43-44 шахтаның бірден смена бастығына, кейін участок бастығына тағайындалып, өндірісті ұйымдастыруда, өнім өндіруді арттыруда іскерлігімен танылады. Одан ірі өндіріс орынын басқаруға жіберілген Қонақбай 1957-1965 жылдарда №31-32, 42 шахталардың бастығы, 1965-1972 жылдарда Жезқазған Шығыс кенішінің бас инженері, кейін директоры, №42-51 Кеніштің бастығы қызметтерін абыройлы атқарды.

1970 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинатының директоры В.В.Гурба комбинатқа Қазақстанның бірінші басшысы Д.А.Қонаев келетінін, оған өндіріс жағдайын таныстыру Қонақбай басқарған кеніште болатынын ескертеді.

Қонақбай: Республика басшысына кеніштегі жұмысшылардың өндірістік жағдайын, өндіріс технологиясын, өндіріске енгізілген ғылым-техника жаңалықтарын, еңбек өнімділігін, өнімнің өзіндік құны мен табысын, өнім өндіру жоспарларының жүйелі орындалуда екенін баяндайды. Одан Д.А.Қонаевқа «уақытыңыз болса шахтаға түсіп, жағдайды көрсеңіз» деп ұсыныс жасайды. Алдын-ала жоспарланбаған бұл ұсыныс, шахтада әлдеқандай кемшіліктің үстінен шығып қалудан сескенген В.В.Гурбаға ұнамағаны қабақ түйіп қатулануынан байқалады. Шахтаға түсіп өндіріс жағдайына қанағаттанған Д.А.Қонаев Қонақбайға риза болып, ақыл-кеңесін айтып кетеді. В.В.Гурбада бәрі ойдағыдай болғасын, Қонақбайға ризашылығын білдіріп, енді оған күрделі кен орынын басқартуды ойластырады. Осылай Қонақбай 1973 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинатының директоры В.В.Гурбаның орынбасары және жаңа игеріле бастаған Жәйрем кен орнының басқарушы директорына тағайындалады. Бұл қызметтерді ол 1973-1975 жылдары атқарып, кен өндіруді жүйелі, өнік жүргізді. Жәйремде өндірістік-технологиялық, тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени құрылыстарын салдыруды ұйымдастырып, біркатарын іске қостырды.

1976-1983 жылдары Қонақбай Жезқазған Шығыс кеніші директорының орынбасары, Батыс кенішінің бас инженері, Кенметаллургия комбинаты басқармасының кен бөлімінің жер асты жұмыстар жөніндегі бас тау кеншісі қызметтерін атқарды.

1983-1991 жылдары, зейнетке шыққанға дейін, Жезқазған кен-металлургия комбинатындағы Жезқазған түсті металлургия ғылыми-зерттеу және жобалау институтының зертхана меңгерушісі, ғылыми қызметкері болды.

Білікті инженер-металлург, іскер басшы, қоғамға танымал, белгілі қайраткер ретінде Қонақбай Сейітмағамбетов халық депутаттарының облыстық және қалалық Кеңестеріне бірнеше рет депутат болып сайланды. Жезқазған қаласында 40 жылдай тау-кен өндірісін өркендету барысындағы игі қызметтерімен қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосты.

Зейнетке шыққасын да қоғамдық жұмыстар атқарды. «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігінің ардагерлер кеңесіндегі Сәтбаев қалалық бөлімінің төрағасы, Жезқазған кентінің қоғамдық төрағасы, Сәтбаев қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі болып, Қонақбай өзіне жүктелген ардагерлік жұмыстарды жетік орындады.

Қонақбай еңбек еткен ұжымдарына, қауымға қарапайым кішіпейілдігі, парасаттылығы, қауымшылдығымен құрметті, беделді қызметкер болды.

Ол Жезқазған түсті металлургия ғылыми-зерттеу және жобалау институтының ғылыми жұмыс жөніндегі Құрмет Грамотасымен, өндірістегі: екпінді еңбегі үшін «Коммунистік еңбек екпіндісі» атағымен, өнертапқыштығы үшін «Масштабный знак» айрықша белгісі және авторлық қаржылай сыйақыларымен бірнеше рет марапатталды.

Қонақбай Сейітмағамбетовтің тау-кен металлургия өндірісін дамытуға, өндірістік жоспарларды жүйелі орындауға сіңірген ерен еңбегі «Октябрь Революциясы» орденімен, «Еңбек ардагері» және басқа медалдармен марапатталуымен бағаланды.

Қонақбай 40 жылдай абыройлы еңбегімен қоғам алдындағы азаматтық, балаларын инженерлік, дәрігерлік, педагогтік мамандықтарға баулуымен аталық парыздарын адал өтеді. Өмірлік серігі Сәуия өзінен жыл жарым бұрын бақилық болған еді.

Өмір жолы өнеге, еңбегі қоғамда лайықты бағаланған, қауымға құрметті, ақ көңіл, ардақты азамат Қонақбай Сейітмағамбетов әрқашан есімізде.

**Ж.Нұржанова, А.Қуанышева, Ә.Жалдыбаев, М.Жұбанова, Б.Айтмағамбетов, Т.Бәудияров, А.Боранбаев, К.Қалжанов, К.Әбубәкірова, Р.Дербісалина, Ш.Бодықова, А.Жұбанова, К.Тастанбаева, С.Нұрғалиева, Ж.Сәләйева, Н.Дайрабаев, Т.Жалдыбаев.**



**«Ырғыз» газеті. 04 наурыз, 2014 жыл.**
**Авторы – Р.Өтеміс**

**Сейтмағанбетов Қонақбай Сейтмағанбетұлы**
**(1929-2012)**

Шығыс және Батыс кеніштерінің бас ин-женері, Шығыс және Жайрем кеніштерінің директоры болды. Институтта 1989-1993 жылдары жұмыс істеді.

Қалалық Кеңес депутаты болды және «Қазақмыс» корпорациясы кеніштері ардагерлер ұйымын басқарды.

Сәтбаев қаласының құрметті азаматы.



**Сейтмаганбетов Конакбай Сейтмаганбетович**
**(1929-2012)**

работал главным инженером Восточного и Западного рудников, директором Восточного и Жайремского рудников. В институте работал в период 1989-1993 годы.

Был депутатом городского Совета и возглавлял ветеранскую организацию рудничной площадки корпорации «Казахмыс».

Почетный гражданин г. Сатпаев.

**«Қазақмыс корпорациясы Бас жобалау институты. Инженерлік жасампаздыққа 50 жыл» кітабы, 2020 жыл.**

# МАЗМҰНЫ

*бет*

Алғы сөз ........................................................................................ 3
Туған жер – өскен өлке ....................................................................... 4
Ұлы даланың Ұлытауы ........................................................................ 26
Арман асуы – білім шыңы ................................................................... 32
Еңбек жолы – ел азаматы .................................................................... 39
Отбасы бақыты – ата-ана мейірімі ........................................................ 55
Бабалар рухы – ұрпақтар сабақтастығы ................................................. 78
Естелік лебіздер .................................................................................. 93
Мұрағаттық мәліметтер ........................................................................ 105